

ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС алғашқы айын қортындылады

ӨНІРДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISY MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА «МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ БІРІНШІ АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН БАСПАСӨЗ-МӘСЛИХАТЫНДА АЙТЫЛДЫ. БАСҚОСУДА ЖАУАПТЫ МАМАНДАР БІР АЙ КӨЛЕМІНДЕГІ АТҚАРЫЛҒАН ШАРУАЛАР РЕТІНЕ ТОҚТАЛЫП, АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЕН БӨЛІСТІ.



Баршаға мәлім, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу – қарапайым азаматтарды қорғау ісіндегі маңызды қадам болғанын мамандар да қуаттап отыр. Халық та МӘМС-ның тиімділігін біртіндеп сезінуде. Бұл тұрғыда ақпараттық түсіндіру жұмыстарының маңызы артқан. Жиында баспасөз-мәслихатының спикері «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» КЕАҚ Алматы облысы бойынша директоры Нұрлан Отарғалиев азаматтардың МӘМС-ға деген сенімі күннен-күнге артып келетінін жеткізді. Айтуынша, тегін қызмет алу мүмкіндігіне ие болған халық қатары да көбейген.

«2020 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер (мамандардың кеңесінсіз) өткен жылдың қаңтарымен салыстырғанда 10,5%-ға өсті. Оның ішінде КТ және МРТ қызметтерін тұтыну 50 пайызға артты. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту қызметтерінің барлық түрі мен бейіндері бойынша 89,6%-ға өсуі байқалады», – деді спикер.

Кездесуде дәрі-дәрмек бағасын реттеу, тегін амбулаториялық дәрі-дәрмектер тізімін кеңейту, формулярлық жүйені жетілдіру сияқты шаралардың іске асырылу барысы баяндалды. Сондай-ақ, облыс аумағындағы аудан-қала,

ауылдағы медицина мекемелерінің қызмет көрсету сапасын жақсарту мәселелері де сөз болды. Бұдан былай тұрғындар медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған мобильді қосымша қызметін пайдалана алады. Бұл медициналық персоналдың жұмыс сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Қазір еліміз бойынша «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде жарналардың аударылғаны туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметін автоматтандыру бойынша Жол картасы бекітілді. Яғни, азаматтар өзіне қатысты барлық сұрақтар мен ақпаратты осы жүйеге кіріп қол жеткізе алады. Қазіргі уақытта деректер қорын жаңарту, оңтайландыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұған бірнеше мемлекеттік мекемелер қатысуда.

Халықпен байланысты қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылдың қыркүйегінен бастап қордың 1406 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істеуде. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ол 24/7/365 тәртібі бойынша жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін елдің барлық тұрғыны шартты түрде сақтандырылады және олар ТМҚК және МӘМС пакеттері аясында медициналық қызметтерді тегін ала алады. Осы уақыт ішінде азаматтар өздерінің сақтандыру мәртебесін анықтап, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне тіркелуі тиіс.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

НЕГЕ?

АДАМ АЛАСЫ СЫРТЫНА ШЫҚТЫ

Әр күн сайын елді елең еткізетін оқиғалардан көз ашпайтын болдық. Алматы мен Астана жұрты күн аралатып митингелеткіш болды. Ұстап жатыр, қамап жатыр, айыппұл аркалап шығып жатыр. Ащы ішекше шұбатылған не бітпейтін, не өнбейтін дау. Бұған бола біреуді кінәлаудан аулақпыз. Әркімнің өз шындығы бар. Шындық демекші, ақиқатын айтқанып, ел ішін ала тандай бүлдіргісі келетіндер бар. Соның көбісі әлеуметтік желіден шығып жатыр. Интернет алысты жақындатып, жақынды алыстатты дегенімізбен, жақсылы жаманды дүние сонда қатар өрілуде. Соңғысы басым болып бара жатқандай...

«Жолдас көп. Кім қаншаға баратыны жол айрығында көрінеді» – деп Ғабиден Мұстафин айтпақшы, қазір жол айрығына жетпей кім екенін көрсеткен адамдар пайда бола бастады. Әсіресе, өз ішімізден. Жаулығын ашық та айтып жүргендері бар. Кейбірі тіпті өз қаракөздеріміз. Мемлекеттігіңді мойындамай, оның ардақ тұтар айбарын табанға таптаса басқанікі басынғандық, ал, өз қазағымызға не жорық? Оқырманға түсінікті болу үшін басынан бастап айтайық. Өткен аптада украиндық журналистке ұлттаралық араздықты қоздырған және сепаратистік пиғылын ашық білдірген екі азаматтың бейнебаяны кеңінен тарады. Соның алдында ғана қазақтың киелі домбырасын жерее бір ұрып сындырған бузақының қылығы көпшіліктің ашуын тудырған еді. Барлығы да кешірім сұрап құтылды. Тек біреуі ғана 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» – деген, енді есірмесе болды дедік те қойдық. Сол жайт басыла бергенде әнұранды мазатқа айналдырғандар шыға келді. Өз тілдерімен айтқанда «Хайып жасап» хит болды. Конституцияда мемлекеттік рәміздердің қорғалатыны анық жазылса да,

олар осы қадамға ашықтан-ашық барды. Ал, бір-екі күннің ішінде қазақ дастарханының үстіне шығып суретке түскен фотограф жұрттың қызу талқысына түсті. Ұлттық құндылықтардың атын атап, түсін түстеп тұрып қорғайтын арнайы заң болмағандықтан ешкім ештеңе істей алмады. Осындайда Ер Қайраттың «Мен алаңға Қазақ қыздарын қорлап жатыр дегесін бардым. Егер осы жағдай қайталанса ойланбастан тағы барар едім» – деген сөзі еске түседі. Рысқұлбеков баласын осылай сөйлетіп тұрған намыс еді. Ұлтқа деген шын жанашырлық еді ғой...

Мемлекеттік нышандарды қорлап, тұтастыққа нұқсан келтіргісі келетіндер заңның ең жеңіл жазасымен құтылып кетеді. Тіпті, арасында заң құрығынан тыс қалатындары да бар. Үкіметтің бұған қатаң тиым салуға шамасы келеді. Бірақ, көп жағдайда үнсіз. Басбұзарларды жұрт өзі тауып жазалап жатыр. Бұл құқықтық мемлекет саналатын Қазақстан үшін ыңғайсыз жағдай. Халық осылай өз құқын өзі қорғаса, заңның үстемдігі қайда қалмақ?

Осы оқиға көрші Қырғыз елінде болса жағдай мүлдем басқаша болар еді. Мұндай сәтте олардың Жоероку Кенешінің депутаттары бірден атқарушы билікке талап қойып, заң жүзінде қатаң жауапқа тартуға ұсыныс жасайды. Өткен жылы «Dogs Fashion» шоуында Қырғыздың ақ қалпағын итке киізгені үшін депутаттар бірауыздан шешім қабылдап, ұлттық киімді қорғайтын арнайы заң қабылдап тастады. Жоғарыдағы келеңсіз оқиғалар бойынша журналистердің қойған сұрағына біздің «қалаулыларымыз» естімедім, көрмедім деп ат танын ала қашты. Ел мүддесі аяққа тапталып, бүкіл халық шұлап жатса да олар естімеді. Неге?...

А. НАЗЫМУЛЫ.

АНДАТПА

БІР КҮН 4-бет

ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ 5-бет

АҚПАРАТ АРУЛАРЫ 9-бет

К 25-ЛЕТИЮ АССАМБЛЕИ 10 стр.

АЛУАНЫҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

ТАҒДЫРҒА МОЙЫМАҒАН РАУШАН

ЖАҒАЛЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

ЗДРАВСТВУЙ, СОЛНЦЕ ЯСНОЕ!

САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ РЕСЕЙМЕН
БІРГУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖОҚ

«Беларусь президенті Александр Лукашенко Еуразиялық Экономикалық одақтың жұмысын сынға алды», деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.



Еуразиялық Экономикалық одаққа мүше елдердің қатарында Ресей, Қазақстан, Армения және Қырғызстан бар. Өзінің одақ коллегиясының төрағасы Михаил Мясниковпен әңгімесінде Лукашенко ЕАЭС құрылысының әлі басталағандығын ескерді.

Беларусь президенті «Экономикалық одаққа кірудің маңызы жоқ» дейді. Себебі оған мүше мемлекеттердің өндірістік және аграрлық саясаты жоқ көрінеді.

«Біз бұл жайтты үлкен дауға айналдырып жібердік. Одан кейін одаққа кім мүше болғысы келеді?» - депті Лукашенко.

Өз сөзінде ол ЕАЭС-ке басқа мемлекеттердің қызығушылығын ояту үшін барынша жағдай жасау керектігін алға тартты.

Бұған қоса Лукашенко әрбір одаққа мүше елдің ұсыныстары қарастырылатынын айтып кетті.

«Егер ондай ұсыныстар болмаса, онда мемлекеттерге жеке дара ел ішіндегі мәселелерді шешкен жөн, - дейді ол.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

«ЖЕТИСУ» ФУТБОЛШЫЛАРЫНА
ТАПСЫРМА ЖҮКТЕДІ

Қалыптасқан дәстүр бойынша Алматы облысының әкімі Амандық Баталов премьер-лига ойындары қарсаңында «Жетісу» кәсіби футбол клубының командасымен, жаттықтырушылар құрамымен кездесті. Атап өтсек, «Жетісу» биылғы маусымда өзінің алғашқы ойынын Ақтау қаласында 8 наурызда «Каспий» командасымен өткізбек. Бұл премьер-лига командалары арасындағы ҚР Чемпионатының I турындағы ойын, - деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Біз жыл сайын маусым басталар алдында сіздермен кездесіп, жаңа маусымның міндеттерін белгілеп, оларды табысты жүзеге асыру мен туындаған мәселелерді шешу жоспарларын бірге талқылаймыз. Өткен маусымда команда премьер-лиганы 5-ші орынмен аяқтады. - Бұл жақсы көрсеткіш. Енді одан әрі алға жылжып, 3-ші орынға көтерілуге тырысуымыз керек. Ол үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Табысты ойынның іргетасы ең алдымен мықты жаттықтырушылық құрам, ұйымшыл команда және мықты материалдық-техникалық базадан құралады. Ең бастысы - ерінбей еңбектеніп, ойынға бар күш-жігерді жұмсап, жеңіске ұмтылу керек. Біз өз тарапымыздан қашанда қолдау жасаймыз, - деді А. Баталов команда ойыншылары мен жаттықтырушыларына.

Команданың бас жаттықтырушысы Дмитрий Огай атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндап, қосымша алаңдағы жасанды жабынды ауыстыру керектігін де атап өтті. Облыс әкімі өз орынбасары Серік Тұрдалиевке айтылған мәселені тиімді шешуді тапсырды.

Өз кезегінде команда капитаны Алмат Бекбаев көрсетілген қолдау шаралары үшін облыс басшылығына рахмет айтып,



команданың барлық жиыны жақсы өткенін, бұл ойыншылардың жаңа маусымға тыңғылықты дайындалуына мүмкіндік бергенін айтты. Қалыптасқан дәстүр бойынша команда атынан А. Бекбаев облыс әкіміне «7» нөмірлі футболка мен футбол добын тапсырды.

- «Жетісу» ҚФК - өзінің тарихы бар қалыптасқан команда. Біз туындаған проблемалардың бәрін шештік. Қазіргі кезде бұл команданың құрамында болу - спорт жолындағы салмақты баспалдақ. Облыста спортқа көп көңіл бөлінеді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өткен жылы өңір спортшылары 2 мыңнан астам медальға ие болды, соның 906-сы - алтын медаль. Сонымен қатар, жазғы Олимпиада ойындарына біздің қоржымымызда 6 лицензия бар. Біз спорттық инфрақұрылымды дамытуды бұдан былай да жалғастыра береміз. Жұырда олимпиадалық жүзу бассейнін салып бітіреміз. Онда біздің футболшыларымыз да жаттыға алады, - деді Амандық Ғаббасұлы.

«Жетісу» ҚФК директоры Серік Мұқанов алға қойылған міндеттерді орындауға бар күш-жігерлерін жұмсап, үміт пен сенім үдесінен шығуға тырысамыз деді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕРЕКЕ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖҰРТ АРАСЫНДА ТҮСІНБЕСТІК ТУДЫРДЫ. КӨПТЕГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 9 НАУРЫЗ ЖҰМЫС КҮНІ МЕ ДЕГЕН САУАЛ ҚОЙҒАН. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ПРЕЗИДЕНТІҢ БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ БЕРІК УӘЛИ ЖАУАП БЕРДІ.

БАСПАСӨЗХАТШЫСЫ
ЖАУАП БЕРДІ

сақталуы тиіс деп есептейді. Сөзінше 9 наурыз күні жұмысқа шығу заңды. «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 32-бабына сәйкес, демалыс және мереке күндері кезек күттірмейтін, алдына ала жоспарланбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа шақыруға болады деп көрсетілген. Бірақ, бұл жерде ескеретін басты мәселе қызметкер жұмысқа жазбаша келісімімен ғана шыға алады және олардың еңбегіне ақы төленуі тиіс. Баспасөз хатшысы еңбек кодексінде көрсетілген заңдық нормаларды да еске салды.

«Еңбек кодексінің 85-бабына сәйкес, демалыс, мереке күндері жұмысқа шыққан қызметкерге өз қалауы бойынша бір күндік демалыс беріледі немесе бір күндік еңбекақысы кемінде 1,5 есе көлемінде төленеді. Осылайша Еңбек кодексінің талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік қызметшілерді мерекеден кейінгі демалыс күні де жұмысқа шақыруға болады».

Заңнама өзгертілмейді деп атап өтті хатшы. Сөзінше, Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңа еңбек этикасын қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілер мен еліміздің барлық азаматын еңбекқорлық пен жауапкершілік идеологиясын ілгерілетуге шақырған.

«АЛАТАУ- АҚПАРАТ»

КІТАПХАНАДА

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

С.Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханада балалар жазушысы Рима Әбіқаеваның балаларға арналған кітаптарының тұсаукесері болып, мектеп оқушыларымен жылы жүздесу өткізілді. Шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов қатысты.



Алдымен сөз алған Лаззат Тұрлашов елімізде балалардың білім алуы мен тәрбиесіне жасалып отырған жағдайлар, балалар әдебиетінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі жайлы қысқаша баяндап, жазушының талдықорғандық балғындармен кездесуіне сәттілік тіледі.

Мұнан кейін жазушы Рима Әбіқаева өзінің шығармашылығы туралы толғап, артынша балаларға ертегі оқып берді. Ертегінің мазмұнына байланысты арнайы жасалған суретті безендірулер телеэранда қатар жүріп отырды. Бұл оқушылар үшін өте әсерлі болды. Мұнан кейін жазушының кітаптарын шығару ісін ұйымдастырушы, ҚР Футгольф федерациясының президенті Светлана Тоққұлова балалардан оқылған ертегілер туралы пікірлерін сұрап, әңгіме тартты. Оқушылар авторға түрлі сауалдарын қойып, әңгімені жандандыра түсті.

Кездесу соңында Р. Әбіқаеваға Л. Тұрлашов Жетісу өңірі жайлы кітапты сыйға тартса, жазушы өз тарапынан С.Сейфуллин атындағы кітапхана қорына 50-ге тарта кітаптарын тарту етті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН МІНБЕРІ

БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық проерестің негізгі белгісі – қоғамы ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Сол себепті оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын студенттермен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы оялар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ояластыру тиіс. Барлық студент өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл студенттер арасындағы бөсекелестікті және әр студенттің өз қабілетіне,

қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады.

Информатикада ақпараттық технологияны қолдануда студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып ғана қоймай үлкен ізденіс пен шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде студент: компьютерде еркін жұмыс жасайды; желілерімен байланыс жасайды; ақпараттарды ала алады, өңдейді, сақтайды; интернет желісімен тұрақты байланыс туғыза алады; электрондық पोштаны қолданып түрлі ақпараттар алмаса

алады; өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады; ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениет қалыптасады.

Жаңа технологияларды енгізу арқылы оқу процесінің деңгейі көтеріледі. Қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. Осы орайда «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Ж.Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Олай болса, әр мұғалім білім мен тәрбиені ұштастыруы қажет. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

Бақыт ШАМЫҒҰЛОВА,
Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжі
информатика пәнінің мұғалімі,
БАЛХАШ АУДАНЫ

В ПРЕДДВЕРИИ 8 МАРТА

Главный день марта

8 марта – праздник, международный женский день. Еще один повод выразить благодарность, порадовать подарком и сказать слова любви прекрасному полу. В ожидании события, можно увидеть огромные очереди из мужчин, около прилавков мягких игрушек, цветов, и ювелирных украшений. Именно там мы пообщались с Талдыкорганцами. Делимся с вами рассказами отцов, мужей, братьев, и просто мужчин!

Асхат, 27 лет

«У меня есть дочь. Её зовут Назым, ей 9 лет. Она у меня очень нежная. Давно уже просила купить пышное платье, как у принцессы. Вот и я решил сделать ей сюрприз на 8 марта. Купил розовое, её любимый цвет, как она и хотела.»

Ахмет, 18 лет

«Мою девушку зовут Алина. Она очень активный человек. Поэтому купил ей абонемент в фитнес зал, и в бассейн. Уверен точно понравится.»

Даулет, 45 лет

«Нас в семье пятеро. Я и 4 сестер: Айсүлу, Салтанат, Алма и Мадина. Женская половина семьи у нас любит покушать (смеётся). Вот и решил каждой сестре подарить сертификаты в пиццерию. Они это оценят.»

Сергей, 70 лет

«Я женат уже 50 лет. С супругой Катериной мы живем очень счастливо. Когда мы с ней только познакомились, я ей подарил букет цветов. С тех пор это её любимые. 8 марта хочу сделать особенным,

и подарить символ нашей любви – те самые красные тюльпаны.»

Олжас, 39 лет

«Мою маму зовут Айнаш. Она родилась 8 марта. Поэтому для нее это двойной праздник. Посоветовавшись с братом, решили подарить ей набор из золота и драгоценных камней. Она любит украшения, думаю, обрадуется.»

Игорь, 33 года

«У нас на работе чисто женский коллектив: Татьяна, Ирина, Карина, Анюта и Светлана. Я единственный мужчина. Мы занимаемся продажей цветов. На день 8 марта, было бы банальным дарить им цветы тем, кто и так их выдает каждый день. Поэтому я решил купить каждой сувенир в виде мишки.»

Рамазан, 6 лет

«Я люблю свою бабушку! Её зовут Тұрсынбала. Она самая добрая. Я ей подарю много шоколада. Коробку конфет, которую мы купили с мамой. А еще спою песню. Я её давно выучил.»

А. ГАТУНОК

Наша главная героиня Диана, познакомилась с будущим мужем накануне 8 Марта.

«КАКОЙ ОН СТРАННЫЙ»

«Знакомые часто рассказывали мне истории, как люди познакомившись в дороге, в дальнейшем влюблялись, и связывали себя узами брака. Однако, я никогда не верила этому, пока однажды сама не стала участником такой ситуации», - рассказывает землячка.

3 года назад Диана еще училась за границей, жила между двумя странами – Турцией и Казахстаном. Когда выпадало время, она навещала родственников. Вот и в тот раз, вернулась по этому поводу. «Помню, был вечер, на улице лил дождь. Я прилетела 7 марта в Алматы, дальше нужно еще было добираться на такси до нашего города – Талдыкорган. И я поймала попутку. Остановилась белая машина. Приспустилось окно и симпатичный мужчина, не глядя сказал: садись. Я подумала, какой он странный, но время было позднее, и я устала, решила сесть. Не пожалела», - вспоминает она.

В салоне не было пассажиров, а вся поездка прошла в молчании. Когда только машина почти доехала до пункта назначения, вдруг резко тормознула, и водитель вышел наружу. По словам Дианы, в тот момент она сильно испугалась, в голове возникли разные мысли. Тут парень возвратился с букетом цветов и вручил героине. «С 8 марта!», - сказал, как позже выяснилось Бақыт. «Это было неожиданно. Я посмотрела на часы, было за полночь. Наступило 8 Марта. Я и забыла про праздник на тот момент. Но, какого было моё удивление, когда я увидела цветы. Оказывается, я ему понравилась с первого взгляда. В тот день он тоже ехал домой. А молчал, потому что не знал, как завести разговор, слишком застенчивый. И лишь благодаря празднику, решил поздравить, а заодно, познакомится со мной. Вправду это сработало!», - говорит Диана.

Спустя пять дней Диана и Бақыт начали встречаться. А через месяц познакомились с родней друг друга. Через год поженились. Сегодня у них растёт сын Әли. Диана ласково называет мужа счастьем, что является переводным значением его имени – Бақыт.

Алина ЕВГЕНЬЕВНА

ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВОСУДИЕ ДЛЯ УДОБСТВА ГРАЖДАН

В настоящее время все суды в Казахстане вооружились новейшими технологиями. Благодаря этому иски можно подавать не на бумаге, а в электронной форме. Виртуальные заявления отправляются через сайт электронного правительства. Истцы регистрируются в системе, создают личный кабинет на сайте e-gov.kz. Затем пользователь вводит необходимую информацию о себе, выбирает необходимый ему раздел, загружает файлы и отправляет их в суд.

На сегодня плюсы электронного правосудия для всех наиболее очевидны. Во-первых, это удобно для участников процесса, многим из которых приходится не по одному разу преодолевать сотни километров, чтобы подать те или

иные документы через канцелярию суда либо направлять документы почтой. Соответственно это экономия на почтовых расходах, снижение роли человеческого фактора в судебном процессе, повышение его эффективности, приобщение к стандартам, которые приняты в цивилизованном мире. Во-вторых, изменен порядок извещения участников процесса. Информация о времени, месте и дате очередного слушания ныне поступает сторонам прямо на мобильный телефон в виде sms-сообщений. Это позволяет сократить не только расходы сторон, но и сроки рассмотрения дел. Соответственно, номера абонентов – участников процесса, текст отправленного сообщения, а также извещение о доставке приобщаются к материалам дела.

Также в нашей судебной системе для удоб-

ства граждан запущен проект «Ночной суд», который позволяет рассмотреть спор водителей в течение одного процесса с 18.30 до 22.00 часов. В частности, рассматриваются административные дела автомобилистов, нарушивших правила дорожного движения, что привело к повреждению транспортных средств, грузов и дорог. Благодаря этому нововведению работающие граждане могут разрешить спор по ДТП без нарушения рабочего графика.

Прежний порядок рассмотрения таких дел приводил к тому, что между аварией и обращением в страховую компанию проходило 72 дня. Ночной суд позволяет сократить этот срок до трёх суток. Ещё 10 суток даётся на обжалование судебного акта и вступление его в законную силу. Для передачи дела в суд необходимо, чтобы на место происшествия была вызвана

дорожно-патрульная полиция, оформившая факт ДТП. Кроме того, нужно предоставить заполненную анкету, талон и иные необходимые документы. Заметим, что ночной суд рассматривает дела только с согласия обеих сторон ДТП. Ночные суды успешно работают в США, Англии, Греции, Сингапуре. Его специфика – административные правонарушения, в основном, несоблюдение правил дорожного движения водителями и пешеходами. В электронном формате составляется схема ДТП, все материалы оперативно передаются в суд. В ночном суде стороны – потерпевший и правонарушитель – со своими представителями заполняют анкету с вопросами по происшествию. Все притязания разрешаются в течение одного разбирательства, за рубежом, как правило, стороны не обжалуют принятое решение.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
председатель Талдыкорганского
городского суда.

МЕРОПРИЯТИЕ

СБОР МОЛОДЕЖИ "АЙБЫН"

В Талдыкорганском гарнизоне на базе войсковой части 54380 впервые прошли соревнования по отбору на Республиканский военно-патриотический сбор молодежи "Айбын", среди команд детей военнослужащих. Курировал данные соревнования представитель службы физической подготовки и спорта управления командующего ДШВ СВ ВС РК Серик Бактур.



Организаторы соревнований – начальник службы физической подготовки и спорта части лейтенант Калиев Болат. А также руководители службы по организации работы с членами семей военнослужащих войсковой части 18404, 54380, 21751, служащие ВС РК Айгуль Акпаева, Асель Сейтова и Камшат Турдышевна. В соревнованиях приняли участие команды детей вышеупомянутых войсковых частей.

Соревнования прошли по нескольким видам спорта: бег, метание гранаты, силовые упражнения (отжимания, подтягивания для мальчиков и пресс, приседания для девочек), армреслинг, перетягивание каната. Победители соревнований оценивались в командном и личном первенствах. Пока подводились итоги соревнований, для детей был накрыт стол.

Затем прошло награждение победителей и распределение призовых места. В командном зачете 1 место получила команда в/ч 21751, 2 место – в/ч 54380 и 3 место – в/ч 18404. В силовых упражнениях среди мальчиков отличился Еламан Маметеков, который получил 3 грамоты по трем номинациям. Лучшим по армреслингу стал Мирас Габаев. Среди девочек отличились Аруна Имангали, Адема Нурлан, Дильназ Мурзакасым. Все дети получили грамоты за участие в соревнованиях, и каждому был вручен приз, чтобы никто не ушел без памятного подарка.

На протяжении всего состязания, присутствовал соревновательный дух, однако самым главным достижением этих соревнований было единение детей и приобщение их к активному спорту. Несмотря на усталость, все участники и присутствующие получили огромный заряд бодрости, и хорошего настроения. Единственно было решено, чаще проводить такие соревнования в гарнизонном масштабе.

К. ЖУМАШЕВ,
заместитель командира в/ч 54380

ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

СОСТОЯЛСЯ КРУГЛЫЙ СТОЛ

В Палате предпринимателей Алматинской области прошёл круглый стол на тему теневой экономики, о ее вреде, как для региона, так и для Казахстана в целом, - сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей.

Как известно, в настоящее время теневая экономика представляет интерес с точки зрения ее влияния на протекание большинства обычных, экономических явлений и процессов, таких как: формирование и распределение дохода, торговля, инвестирование, экономическая безопасность и суверенитет.

Старший оперуполномоченный по особо важным делам Департамента экономических расследований по Алматинской области Адай Нигматуллин в ходе показа документального фильма разъяснял участникам мероприятия, как члены организованной преступной группировки обналачивали средства в банках на сумму более 1 млрд. тенге и какие приемы при этом были ими использованы.

По его словам, на территории области зарегистрировано 14 филиалов банков второго уровня.

«Мы вели мониторинг по региону и выявили ряд нарушений. По результатам анализа 2019 года выявлены «рисковые» банки, являющиеся лидерами по обналачиванию финансовых средств. На сегодняшний день не все казахстанские банки следуют рекомендациям Базельского комитета и группы FATF по применению политики: «Знай своего клиента». В соответствии с этими рекомендациями каждый банк должен использовать систему управления рисками в отношении своих кли-

ентов и, если те занимаются преступной или противоправной деятельностью, то должны блокировать их счета», - резюмировал свои слова А.Нигматуллин.

По словам руководителя УКМ ДГД по области М.Абденова, самой криминогенной сферой на сегодня являются участники государственных закупок. Анализом, проводимым органами государственных доходов, выявлено, что при расчетах за выполненные работы и услуги они используют наличный расчет. Так, по направлению камерального контроля в 2019 году выявлены нарушения у 559 участников государственных закупок, по результатам которых взыскано 2 178,8 млн. тенге.

«В целях снижения уровня теневой экономики до уровня стран Организации экономического сотрудничества и развития до 15-17% Департаментом разработан план мероприятий, где определены конкретные шаги для установления участников теневой экономики и пресечения такой деятельности на ранней стадии. В целях пресечения деятельности участников теневой экономики в 2019 году органами государственных доходов области подано 118 исков в суд для признания недействительными регистрации и сделок», - отметил он.

В завершение мероприятия ее участники, обменявшись мнениями, пришли к выводу, что все уполномоченные органы должны осуществлять обмен информацией, направленной на предупреждение, выявление и пресечение преступлений, связанных с обналачиванием и легализацией (отмыванием) доходов, полученных преступным путем.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

САУАТНАМА



Алғаш кімнен, қашан гүл алғаныңыз есіңізде ме?

Зәуре СИХИМОВА, қала тұрғыны:

«Алғаш бірінші сыныпқа барғанда әкем раушангүл сыйлаған. Екі гүл алыпты. Бірін маған берді, екіншісін апайыма берді. Ал, 8 наурызда 7 сынып оқығанда сыныптас жігіттер сыйлағаны есімде. Ол қызғалдақ болатын. Қазір күйеуім жылда гүл әкеп береді. Әр жылы әр түрлісін».

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында жұктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Ескелді ауданының соты мен аудандық әкімдіктің бірлесіп ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелге аудандық сот төрағасы, ардагерлер, прокурор, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, кәсіпкерлер мен медиаторлар қатысты.

Басқосуға жиналғандардың алдында Ескелді аудандық сотының төрағасы Бегали Темірбеков сөз алып, қазақ халқының бай тарихи мұрасын сақтаудың маңыздылығы жайлы мазмұнды әңгіме өрбітті. Судья қызметі туралы айтып, аңызға айналған XVII-XVIII ғасырларда Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің әділ шешім жасаудағы рөлін тілге тиек етті.

«Сол кезде талқылауының ең көп үлесі билер сотында қаралып, ал басқару жүйесінде сот билігінің жетекші нысаны болды. Билер сотының бірегейлігі оның табиғатының негізін этномәдени социумның тұрақтылығы мен бірлігінің идеалына адалдықты сақтауда. Дауларды әділ және бейтарап шешуді ұйғаратын құндылық нормаларын құрайтындығында болды. Сондықтан Қазақ билері соты – бірегей институт. Дәл осы қоғамдық сананы ұлттық құндылық ретінде жаңғыртудың ар-қасында біз билер сотының тәжірибелерін қоғамның қақтығысын азайтуда пайдалана аламыз», – деп атап көрсетті сот төрағасы. Сондай-ақ, ол бірнеше мәселе жайын баяндады.

Шара барысында қатысушылар талқыланды маңызды мәселелер төңірегінде өз ойларын ортаға салып, дауды соттан тыс реттеу мақсатындағы қоғамдық бастамаларды, әлеуметтік маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды қолдау және дамыту, «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасын насахаттау және іске асыру қажеттілігін қолдап, тұрғындарға осының маңыздылығын кеңінен түсіндіру қажеттігін атап өтті.

Ш. ХАМИТОВ.

БІР КҮН

АЛУАНЫҢ

Дөңгеленген дүниенің кереметі көп қой. Біз тек оның көз көрген ғажабына тамсанып, жақсысынан үлгі алып, жаманынан ғибрат алады екенбіз ғой. Өнердің ұлт таңдамайтыны сияқты, адам да таңдамайтынына куә боласыз кейде. Егер бір емес, бірнеше дарынды бір басына берсе, мұны Тәңір сыйы емес деп қалай айта аласыз? Алуа да сондай талапты өрен. Салған суреттері айшықты, шынайы. Кірпияз өнерді неге сүйгенін оның бала жүрегінен шыққан табиғат суреттері айғақтап тұр. Картиналарда өмір бар. Өмірдің көрінісі емес, бояуы қалың, шаттығы мол шуақты сәттің өзі дерсіз...

ДЦП-ның ауыр түрімен ауыратын балауша қыздың жасы биыл он үште. Өз құрбыларынан қалыспай мектепті де үздік оқуда. Әсіресе, сабақ беретін апайлары Алуаның есте сақтау қабілетін алқайтын



ӘДӘМІ ӘДӘМІ

Алуа туралы алғаш естігенде қолына қылқаламын ұстап, әдемі пейзаж салып отырған бүлдіршін қыз көз алдыма келген. Бірақ, кездескенде мүлдем басқаша күйге түстім. Әдемі картиналарды кейінкерімнің ауызына қарындашым қыстырып, мың бір жапамен салатынын көргенде адам мүмкіндігіне тағы бір сендім.

көрінеді. «Екі-үш жыл ілгері өтілген сабақты қайталап айтып беруге бар», – дейді анасы Ботагөз Ақманова.

Алуа аталмыш дертпен туа сала алысып келеді. Өзі жөнінен алғанда қазір бұл ешқандай да қорқыныш емес. Тек тағдыр тегершігі басқа арнаға бұрылғаны болмаса. «Пейзажды жүрегі нұрлы, өмірге құштар адамдар жиі салады» деп санайды екен суретшілер. Себебі, ой-қиялға мейлінше ерік беретін табиғат көрінісі, шығармашылық шабытты ашып, мол ләззат сыйлайды. Кейіпкеріміз де өз жұмыстарында бір сәттік



Қысқы орман
Түлкібек Алуа

қайталанбас көріністерді алдымен есіне сақтап алып, сосын асықпай қағаз бетіне түсіреді екен. Анасының айтуынша, Алуа шабыты келгенде бір суретті бір күн ішінде аяқтап тастайды. Ал кейде екі-үш күн кетеді. Көбіне денсаулығы әсер ететін көрінеді. Әсіресе, ауа-райы бұзылса мазасы кетіп қалатынын, бірақ, мұның бәрін қызының бойындағы қайсарлығы жеңетіндігін де жасырмады.

Біз барғаннан қайтқанға дейін Алуаның жүзінен ескен риясыз күлкі, көңілді күйді аңғардық. Қысылмай еркін отырып бізге сурет салып та көрсетті. Алуаның осылай жүзіне күлкі үйіріліп жүруіне қамқорлығын аямай отырған анасының еңбегін айтпай кетуге болмас. Алуаның бүгінгі әр жетістігі жарғақ құлағы жастыққа тимей баласының қас-қабағына қарап отырған Ботагөз ханымға тікелей қатысты. Бұл кісінің жұмысы таң азаннан емес тәулік бойы жалғасады. Түнде Алуаның қалай ұйықтап жатқанын білу үшін бірнеше мәрте қасына келіп, көрпесін қымтап, жабуды да әдетке айналдырған. Ал әйелдің тіршілігі бітер ме? Рауандап күн шыққаннан дамыл таппай үй шаруасына араласады. Бірақ, қызының әр картинасын көргенде барлық шаршау мен шалдығуды ұмытып кетеді екен.

«Алуаның жағдайын үнемі бақылауда ұстаймыз. Көптеген адам ДЦП-мен ауы-

ратын балалардың күні бір сарынды деп ойлайды. Яғни, күндіз кешке дейін аурумен арпалысады деп есептейді. Бұл жаңсақ пікір. Баламның әр күні өзінше өтеді. Оның үстіне сабағы бар. Арнайы курсқа барады. Бір күн сурет салса, бір күн ән айтады дегендей... Күнделікті теледидардан, интернеттен сурет салуға арналған бағдарламаларды көріп, сызба техникасын дамытуға күш салады», – дейді анасы.

Біз барғанда Алуа арнайы орталық курсынан келіп отырған беті екен. Музыка сабағында ән салып, апайынан мақтау естігендіктен бе көңілі сондай көтеріңкі болды. Үйде ән айтып әкесі мен анасын қуантап тастайтын сәттері де бар көрінеді.

Алуа – текті атаның ұрпағы. Атасы Түлкібек Құрақбаев – белгілі ақын. Кезінде талай жыр додаларында сайысқан адуынды айтыскер. Әжесі Дәмелі де өнерден алыс емес жан болған. Әйгілі Біржан-Сара айтысын зерттеушілер кезінде осы кісінің аузынан жазып алған. Қара сөздің қаймағын қалқып ішкен осындай өнерлі әулеттен сөз ұстар бір жанның болмауы мүмкін емес қой. Шабыты келгенде Алуа да қарап қалмай өлең шығарады. Балалығына қарамастан жазған жырлары ойлы, толғамды.

Мәселен, «Анама» деген өлеңін оқып отырып, оның әкесі мен анасын қуантқысы келетін бала арманын сезесің.

Қуантайын бір сені, Анашым мен әкешім.

Жүріп кетсем болғандай, Шаттанар ең мен үшін!

Оның «Қысқы орман», «Закат», «Айлы түн» секілді суреттері де арманшыл

жастың ұшқыр ойынан хабар береді. Әдетте, мүмкіндігі шектеулі деп айта салатын тілге жеңіл тіркемелі сөзді мына еңбектерден кейін абайлап айту керектігін ұғынасыз. Екінші бірінің қолынан мұндай өнер келе бермесін мойындайсыз. Мойындайсыз да, осындай қажыр-қайратпен, өмірге деген үлкен құлшыныс танытып отырған балдырғанға еріксіз тәнті боласыз. Анасы Ботагөздің сөзінше, мектеп басшылығы алдағы уақытта Алуаның және оның достарының суреттері көрмеге қойылатындығын айтыпты. Соған орай жас суретші дайындық үстінде.

Құстарын сайратып, жер әлемді жайна-тып тағы бір көктем келді. Жас суретшіден туған жердің өсем табиғатын паш ететін картиналар күтеміз.

Қозы-лақ асыр сап, Ойынға бір тоймайды. Шуақ шашқан, нұр төккен, Наурыз тойын тойлайды.

Осыдан сегіз жыл бұрын жазған өлеңінде Алуа көктемді осылай сипаттапты. Биылғы шуақты басталған наурыз Алуаның тағы да ақындық шабытын оятары анық. Бала тілегі әлемдегі ең әдемі, кіршіксіз тілек шығар?!
А. НАЗЫМҰЛЫ.



Дүйсенбі - Понедельник, 9 наурыз**ҚАЗАҚСТАН**

06.00, 02.50 Өнұран
06.05 «Ұлы дала ұлағаты» деректі фильм
06.30 Masele
14.00, 17.00, 20.00, 01.20 AQPAPAT
07.05 «Жұлдызым» концерт
08.45 Мультфильм «Сүйкімді құстар»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 «Томирис»
14.45, 02.05 Д/ф «Тұлға»
15.10 Апта
16.00 Ана қадірі
20.00 «Айтыстың аққуы»
21.30 Т/с «Көсем»
22.30 Т/х «Қазбат»
23.30 «Журналистік зерттеу»
00.00 Қта фабрикасы
01.30 Ақпарат
02.30 Кеңіл толқыны

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30, 01.20 «Мұңайма Нефисе»
08.30 «Ва-Банк»
10.30 Х/ф «Маруся»
12.20 «Принцесса лягушка»
16.00 х/ф «Доржить до любви»
17.00 Т/с «Жан құрбым»
18.00, 02.00 Т/с «Ясминның тағдыры»
19.30 «Дама трэф»
21.30 Х/ф «Шеф»
03.00-04.00 «Күліп а like»

ЖЕТИСУ

07.00 Өнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Арнайы репортаж»
10.30 «Ұлт пен рух»
11.00 «Біріншіханым» телехикаясы 77-бөлім
12.00 «Жетісужұмбақтары»
12.30 «Қателік»
13.00 «Шашу»
14.00 «Тастүлек»
14.30 «Спорт-тайм»
15.00 «Әсемәуен»
16.00 «Киноман»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.25 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Тұжырым» /тікелей эфир/
19.30 «Әсемәуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Кеңауқымда»
21.30 Новости
22.00 «Біріншіханым» телехикаясы 78-бөлім
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұран
06.00 Қызық Times
07.10 М/с «Клео – забавный щенок»
08.00 Советское кино «Карнавал»
07.30, 16.30 «Қызық таймс»
10.40 «Қазақ аруы – 2019» ұлттық байқауы
13.20 Концерт «Вальс»
15.20 Советское кино «Москва слезам не верит»
18.00 Концерт «Жан анам»
20.20 «Қортынды жаңалықтар»
20.50 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.40 Сериал «Листопад»
23.15 Телехикая «Абдулхамид хан»
00.50 «Бәсеке»
01.25 Драма «Мектеп»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 20.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет»
12.20, 17.20 «Қарылғаш күзет агенттігі»
13.00, 03.50 «Біреудің есебінен»
13.30, 00.25 «Вайн тайм»
14.00 Х/ф «Все из-за мужиков»
15.10, 00.55 «Сериал «Глухар»
16.20 «Қош келдіңіз»
18.00 Т/с «Сыла»
20.55 Лотерея 777
23.25 Т/х «Бір болайық»
03.15 «Astana Times»
04.35 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.20 Т/х «Когда зовет сердце»
07.30, 03.50 «Той заказ»
08.30 «Ұшқалақ» бағдарламасы
08.50 Любимое кино «Любовь и голуби»
10.45 «Поле чудес»
12.00 «QALAYMLIVE»
15.35 «Алишер Кармов 15 жыл сахнада»
17.40 «Обними меня»
19.50 Шоу «Дастархан»
18.45, 03.20 «Басты прайм»
20.45, 22.50 Т/с «Чего хотят женщины»
22.00, 01.25 «П@УТИНА»
00.30 «Тиггер»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ

Сейсенбі - Вторник, 10 наурыз**ҚАЗАҚСТАН**

06.00, 04.00 Өнұран
06.05 «Ұлы дала ұлағаты» деректі фильм
06.30 «Ұлттық арнада ұмытылмас өндер»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 «Ниет»
14.00, 17.00, 20.00, 01.20 AQPAPAT
14.10, 21.30 Т/с «Көсем»
15.05 Т/х «Өз үйім»
16.00 «Жан жылуы»
16.25 «Ұлы дала ұлағаты»
17.15, 22.30 Т/х «Қазбат»
20.35 «Ашық алаң» ток-шоуы
23.30 «Niet»
01.50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «ВАЛЕНСИЯ (Испания)-АТЛАНТА» 1/8 финал. ТІКЕЛЕЙ ТРАНСЛЯЦИЯ.

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұран
06.00 Қортынды жаңалықтар
07.15 М/с «Клео-забавный щенок»
07.40, 16.30 «Қызық таймс»
08.40, 14.50 Т/х «Мәдениет үйі»
09.30, 19.30 Т/х «Бақталас»
10.20, 21.40 Т/х «Листопад»
12.00 «Жаңалықтар»
12.15 «Баспанаға бағыт»
12.45 Новости
13.00 Т/с «Простая жизнь»
17.45, 23.15 Т/с «Абдулхамид хан»
20.20 «Қортынды жаңалықтар»
20.50 «Новый курс»
21.00 Итоги дня
00.50 «Бәсеке-2»
01.20 Драма «Мектеп»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 19.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет»
12.20, 17.20 «Қарлығаш күзет агенттігі»
12.30 Т/с «Біреудің есебінен»
13.00, 03.50 «Вайн тайм»
14.00 Т/с «Я больше не боюсь»
16.20 «Қош келдіңіз»
18.00 Т/с «Сыла»
20.00, 03.00 «Astana Times»
20.55 Лотерея 777
23.25 Т/х «Бір болайық»
00.25 Вайн Тайм
00.55 Сериал «Красные браслеты»
04.35 «Kaz Net»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.40 Т/х «Когда зовет сердце»
07.30 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Ради любви я все смогу»
12.00 «QALAYMLIVE»
15.35 «На самом деле»
16.45 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45, 03.20 «Басты прайм»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Такая работа»
22.00, 01.25 «П@УТИНА»
00.50 «Тиггер»
02.40 «Когда зовет сердце»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ

Сәрсенбі - Среда, 11 наурыз**ҚАЗАҚСТАН**

06.00, 04.00 Өнұран
06.05 «Ұлы дала ұлағаты» деректі фильм
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 01.20 AQPAPAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 «Ниет»
14.10, 21.30 Т/с «Көсем»
15.05 Т/х «Өз үйім»
16.00 Д/ф «Азамат»
16.30 «Сен де бір кірпіш дүниеге»
17.15, 22.30 Т/х «Қазбат»
20.35 «Ашық алаң» ток-шоуы
23.30 «Niet»
01.50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. ПСЖ «Боруссия Д» 1/8 финал. ТІКЕЛЕЙ ТРАНСЛЯЦИЯ.

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұраны
06.00 Қорытынды жаңалықтар.
07.15 М/с «Клео – забавный щенок»
07.40, 16.30 «Қызық times»
08.40, 14.50 Т/х «Мәдениет үйі»
09.30 Т/х «Бақталас»
10.20, 21.40 Сериал «Листопад»
12.00 Жаңалықтар
12.15 Тікелей эфирде «Баспанаға бағыт»
12.45 Новости
13.00 Сериал «Простая жизнь»
17.45, 23.15 Т/х «Абдулхамид хан»
19.30 Т/х «Рауза»
20.20 Қорытынды жаңалықтар
20.50 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
00.50 Т/х «Бәсеке – 2»
01.20 Деректі драма «Мектеп»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет»
12.20, 17.20 Т/х «Қарлығаш күзет агенттігі»
13.00, 03.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
14.00 Т/с «Я больше не боюсь»
16.20 «Қош келдіңіз!»
18.00 Т/х «Сыла»
20.00, 03.00 Astana Times
20.55 Лотерея 777
23.25 Т/х «Бір болайық»
00.25 «Vine time»
00.55 Сериал «Красные браслеты»
04.35 «KazNet» ғаламторға шолу

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.40 Т/с «Когда зовет сердце»
06.45 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты Жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Х/ф «Ради любви я все смогу!»
12.00 «QALAYMLIVE»
15.35 «На самом деле»
16.45 «Пусть говорят»
18.45, 03.25 «Басты прайм»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Такая работа»
22.00, 01.55 «П@УТИНА»
00.05 «Триггер»
01.05 «Мужское/Женское»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 «Кешкі жаңалықтар»
07.50 «Мерекелік концерт»
08.10, 01.20 Т/х «Мұңайма, Нефисе»
09.20 «Новости»
10.00 «Шелест» детектив
12.00, 21.40 Х/ф «Шеф»
14.00, 23.40 «Любимые дети»
16.00 Х/ф «Дожить до любви»
17.00 Т/х «Жан құрбым»
18.00, 02.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15-04.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости

ЖЕТИСУ

07.00 Өнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Арнайы репортаж»
10.30 «Ұлт пен рух»
11.00 «Біріншіханым» телехикаясы 77-бөлім
12.00 «Жетісужұмбақтары»
12.30 «Қателік»
13.00 «Шашу»
14.00 «Тастүлек»
14.30 «Спорт-тайм»
15.00 «Әсемәуен»
16.00 «Киноман»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.25 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Тұжырым» /тікелей эфир/
19.30 «Әсемәуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Кеңауқымда»
21.30 Новости
22.00 «Біріншіханым» телехикаясы 78-бөлім
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны
06.00, 02.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00, 22.00 Сериал «Ганга»
09.00 Бауржан-шоу
10.00 «Әзілдер жинағы»
10.50 Х/ф «Ягуар»
13.00, 21.00 «Қара маржан»
15.00, 16.00 «Экстрасенсы детективы»
17.00 Сериал «Семейный бизнес»
18.00, 19.00 Сериал «ПАПИК»
20.00 Информбюро
23.00 «What's Up?»
23.30 Сериал «Чернобыль»
00.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 23.00 «Азулылар әулеті»
08.00, 22.00, 03.45 «Элиф»
09.00, 18.10 Сериал «Спецотряд «Шторм»
10.10, 01.10 «Смеяться разрешается»
11.50, 17.10 Сериал «Анна-детективъ»
13.00 Т/х «Жүрек сыры»
14.00 Т/х «Бастық боламын»
15.00 «Улыбка лиса»
16.00 Сериал «Племешка»
19.10 Сериал «Суперкопы»
20.00, 00.00 Сериал «Форс-Мажор»
21.00 «Ұлы дала жаңұясы»
03.00 «Айнаонлайн»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Гу-гулет»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұран
06.00, 04.00 «Ризамын»
07.00 әзілдер жинағы
07.50 Х/ф «Девчата»
12.00 Х/ф «Пираты карибского моря: проклятие черной жемчужины»
15.00, 16.00 «Экстрасенсы детективы»
17.00 Сериал «Семейный бизнес»
18.00 Сериал «Папик»
20.00 «Информбюро»
21.00 Сериал «Қара маржан»
22.00 Сериал «Ганга»
23.00 «Whats Up?»
23.30 Сериал «Чернобыль»
00.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
02.00 «Ризамын»
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 23.00 «Азулылар әулеті»
08.00, 22.00, 03.45 «Элиф»
09.00 М/ф «Маленький принц»
10.50, 01.10 «Смеяться разрешается»
13.00 К/ф «жүрек сыры»
14.00 «Бастық боламын»
15.00 «Улыбка лиса»
16.00 Сериал «Племешка»
17.10 сериал «Анна-детективъ»
18.10 Сериал «Спецотряд «Шторм»
19.10 Сериал «Суперкопы»
20.00, 00.00 Т/х «Форс-Мажор»
21.00 «Ұлы Дала жаңұясы»
03.00 «Айнаонлайн»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Гу-гулет»

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

ОЛАР БІЗДІҢ ЕСІМІЗДЕ

КӨЗДІ АШЫП ЖҰМҒАНША АЛПЫСТЫ АЛҚЫМДАП, ЗЕЙНЕТКЕР ЖАСЫНАН АСТЫҚ. БІРАҚ, ЖҮРІП ӨТКЕН ӨМІР ЖОЛЫНДАҒЫ СТУДЕНТТІК КЕЗДЕРІМ МЕН ҰСТАЗДАРЫМДЫ ҰМЫТҚАН ЕМЕСПІН. КӨЗ АЛДЫМНАН БҰЛДЫРАП СОЛ КЕЗДЕГІ ОҚИҒАЛАР ТІЗБЕКТЕЛІП ӨТЕДІ. СОЛ БІР БАСТАУДЫҢ БАСЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ТҰТЫНУШЫЛАР ҚОҒАМЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПОЛИТЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ, МАРҚҰМ ШЕГЕНОВ МАРАТ СМАҒҰЛҰЛЫ ТҰР.

16 желтоқан жақындаған сайын ойыма Марат аға түседі. Ол кісінің ақылды келбеті, жымыған күлкісі, әсіресе «сен қазақсың, соны ұмытпа, қазақ болып туғаныңа қуан» деп айтатын сөздері есіме жиі оралады.

1977 жылы әскери міндетімді өтеп келгеннен кейін Қарағанды кооператив институтының экономика факультетіне түстім. 1-курста политэкономика пәні оқытылды, кафедра меңгерушісі Марат Смағұлұлы Шегенов. Марат аға бізге лекция оқитын. Бір күні кезекті лекциядан соң маған қарап: «келіп кетші» деді. Мен не болды деп ойлап, оның үстіне бірінші семестрдің аяқталуы жақын қалған уақыт еді. Сәлден соң жүрегіме басып ағамыздың кабинетіне келдім. Ар жақтан жай ғана кір деген дауыс шықты. Ол кісінің түрлене қарап едім, жымылып отыр екен. Жүрегім орнына түсті. Сол жымыған қалыпта «отыр» деп орындықты меңзеді. Одан соң қай жерден келгенімді, әке-шешемнің жағдайын, қанша ағайынды екенімізді сұрады. Мен ештеңе қалдырмай бәрін баяндап бердім. Сәл ойланып отырғаннан кейін, айтайын ба, айтпайын ба деп ойлаған болу керек, батылданып әңгіме бастады.

«Бізде екі факультет бар, бухгалтерлік және экономикалық. Сол екі факультетте де ауылдан келген жастар бар, әсіресе, бухгалтерлік факультетте басым. Айтшы, сен мектепте қабырға газетін шығарып па едің?» – деді. Ағайдың қойған сауалына орай қабырға газетінің редакторы, комсомол комитетінің бюро мүшесі болғанымды айттым. «Тіпті жақсы» деп, қуанып кетті. «Біз де институтта сондай газет шығаруымыз керек. Өйткені, ауылдан келген жастар ауылын сағынады. Осы қабырға газетіне мақала, өлеңдерін жазып мауқын басып отырады», – деді.

Қабырға газетінің аты қалай болады деп едім, ол кісі ойланбастан «Жас қазақ» деді. Себебі, студенттердің дені қазақ жастары деп айтты. Біз газет шығара бастадық. «Жас қазақ» газеті тәртіпін мен бесінші қабатқа қабырғаға ілуге рұқсат берді. Оның үстіне түске дейін ілініп тұрады, түстен кейін белгісіз жағдаймен алынып тасталады.

Бірде мені Марат ағам өзіне

шақырып, «газет неге жоғарғы қабатта ілулі» деді. Мен болсам бізге рұқсат еткен сол жер, оның үстіне түстен кейін газет жоқ болады дедім. Ол кісі үндемеді. Екі-үш күннен кейін мені ректордың кабинетіне шақырды. Сол тұста институт ректоры Котляров деген ақсақал еді, қазақшаға судай. Студенттермен қазақша амандасып, қал жағдайды да қазақ тілінде сұраушы еді.

Оның кабинетіне кіргеннен кейін маған отыр деп белгі берді. Содан соң газеттің жай-жапсарын сұрады, жағдайды жайлап айттым. Ол кісі мұқият тыңдағаннан кейін «осының бәрін өзің ұйымдастырдың ба?» деді. Иә деп жауап қаттым. Ол кісі Лидия Тимофеевнаға қарап: «газетті бірінші мен екінші қабаттың ортасына, ректорат, партбюро газеттерінің жанына ілінсін» деді. Маған қарап, сенің үстіңнен обком партияға арыз түсті, «коммунистің бе?» деп сұрады. Мен «жоқ» дедім. «Онда жарасы жеңіл екен, осындай студенттерімізді сақтап қалуымыз керек» дегені. Ректормен кездесуден соң тағы деканға шақырды. Барсам деканның бөлмесінде үлкен сары орыс отыр. Өзімді таныстырдым.

Әлгі орыстың «коммунистің бе?» деген сауалына орай «жоқ» дедім. «Ал сен неге жастардың арасына іріткі салатын газет шығарып жатырсың. Неге ол «Жас қазақ» деп аталады демесі бар ма. Оған бұлай деп аталуының себебі оны кілең жас шығаратынын айттым. Артынан белгілі болғандай мені институттан шығарылсын депті. Бірақ, олай болмады. Орнымда қалдым.

Кейіннен Котляров ректорлықтан кетті. Ал мені көрген сайын қазақша қал жағдайың қалай деп сұрап алып, «декабрист» дейтін жымыып.

Бірде Марат ағам «Бақтығали, сен кешке мен тұратын үйдің төменгі қабатында «Блинная» деген бар, сол жерге келші» деді. Мен уәде еткен уақытта келдім. Ол кісі бір бұрышта отыр екен. Бақтығали деді әңгімесін бастап. Мен Кисловодскіге демалысқа кетіп барамын, бұл маусым айы болу керек. Қайтарда Москваға соғамын, өйткені ол жерде біраз шаруам, бірге оқыған жігіттер бар деді. Ал сен «Жас Тұлпар» туралы

не білесің?» деп сұрады. Мен ештеңе білмейтінімді айттым. Ол болса «Жас Тұлпар» туралы келгеннен кейін айтам. «Бұл – Мұрат Әуезов бастаған қазақ жастарының ұйымы. Өз ісіңмен сен де осы ұйымға сырттай мүше болып жүрсің. Сен атқарған іс-шаралар әлі аз, бірақ атқарылар іс мол, жеткілікті. Сен қазір «Атамекен» атты құрылыс отрядына командир болып барасың, жүрген жерінде ұлтымыздың шежіресін, ойындарын, тарихын насихаттау керек» деді. Біз ұзақ отырып әңгімелестік, түн ортасы ауа тарқастық. Мен ағам сөз сапар тілеп, үй жаққа бет түзедім. Осыдан соң, екі күннен кейін суыт, қаралы хабар келді, ағамыз жүрегі тоқтап, кенеттен қайтыс болыпты.

Бүгінде Марат ағам аңсаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бірақ, жүрегі қазақ деп соғып, қазақ үшін жан қиған ағамыз ортамызда жоқ. Қазіргі уақытта сол кісімен бірге қызметтес болған ағамыз, академия ректоры А.Аймағанбетов, проректор болған Р.Бұғыбаева істеп отырған оқу орнында ағамызға бір бұрыш болса екен дейміз, жоғарғы айтылғандарды біреу білсе, біреу білмейді, көз көргендердің көбі марқұм болып кетті. 16 желтоқсанға қарай ағамызды насихаттасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Котляров, Абдразаков, Жакупов, Талпаков, Жанағұлов, Шумеков, Күрлеубаев, Аймағанбетов, Қуанышов, Улаков және басқа да ұлт жанашыры болған ағаларымыз Достамесова, Телгарина, Жакупова, Бұғыбаева сияқты апаларымызға жүрегімізге «қазақ» деген сөзді ұялатқаны үшін, «сендер қазақсыңдар», осыған лайықты болуларың керек деп тәрбие бергендері үшін үлкен алғысымды айтамын.

...1979 жылы бұлақ бастауындай болып, кейіннен 1986 жылы теңізге айналған ағаманы бүгінгі күні орындалды. Біз егеменді ел атандық. Жүрегі қазақ деп соққан Марат Шегенов, Айдын Уахитов, орынбасары Атимовты мәңгі есте сақтаймыз.

Бақтығали АЙЖІГІТОВ
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ

САУАЛНАМА

Сыйға қандай гүл алғанды ұнатасыз? (бөлме гүлі ме, әлде гүл шоғы, атын атасаңыз).



Сандуғаш КАМИЛОВА, студент:

«Жасанды гүлдерден басқасының бәрі ұнайды. Мәселен, роза, астра, петунья, фиалка, қызғалдақ, түймедақ, әйел бақыты. Бұл бәріне ұнайтын гүлдер шығар. Негізінде раушан гүлін алған ұнайды».

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДІҢ МАҢЫЗЫ



Алматы облысының өңірлік Кәсіпкерлік палатасы алаңында жергілікті атқарушы органдары заң қызметінің өкілдерінің қатысуымен нормативтік құқықтық актілерді келісу және мемлекеттік тіркеу мәселесіне қатысты семинар-кеңес өтті.

Оған төрағалық еткен облыстық Әділет департаменті басшысының орынбасары Қ.Пилалов отырыстың күн тәртібімен таныстырып, отырыста үш мәселе қарастырылатынын жеткізді.

Бірінші мәселе бойынша Әділет органдарында мемлекеттік тіркеу жататын нормативтік құқықтық актілердің қатарынан жекелеген НҚА-ді алып тастау мүмкіндігіне қатысты облыстық Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімі басшысының міндетін атқарушы Тілек Арынханұлы баяндама жасады. Баяндамашының сөзінше, қазіргі мемлекеттік стандарттарға сүйене отырып, жергілікті атқару органдарындағы регламенттерді алып тастау керек. Дегенмен, қатысушылар тарапынан бұл ұсыныс қолдау таппады. Себебі ондай жағдайда қазіргі құжат алмасу бойынша бір қалыпта тұрған жүйе бұзылып, мемлекеттік қызметшілер арасында түсініспеушілік пайда болуы мүмкін.

Ал екінші сұрақ бойынша сөз алған облыстық Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі бөлімнің 2-санаттағы сарапшысы Мұхит Қамбаров Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 65-бабына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» айта келе, облыстық Кәсіпкерлер палатасы 2019 жылы жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қарау бойынша жүргізілген кезең ішінде барлығы 187 жоба қабылданғанын, олардың 45-і жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне әсер етпейтінін жеткізді.

«Осыған байланысты Алматы облысының әділет департаменті, облыстық кәсіпкерлер палатасы және облыс аумағындағы жергілікті атқарушы және өкілді органдарымен бірлесіп кәсіпкерлердің мүдделерін қозғамайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі бекітілсін және облыс әкімдігіне нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдауды бақылауды күшейту туралы ұсыныс білдіреміз», - деді М.Қамбаров.

Сонымен қатар «Заң» деректер базасында нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасау мүмкіндіктері туралы Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Алматы облысы бойынша филиалының директоры Салтанат Батырханова айтып, көрнекілік құралдар арқылы баяндама жасады. Баяндамада Салтанат Сайлаубекқызы бірден сайттарға кіріп, сілтемелер арқылы қалай жұмыс жасайтындығын және қалай оңтайландыруға болатынын көрсетті.

Жийін соңында отырысқа қатысқан мемлекеттік қызметкерлер жұмыс барысында кездесетін кедергілер бойынша қосымша сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды.

Ш. ХАМИТОВ.

ЖҮРЕК СӨЗІ

«Мен айтатын жақсы сөздер көп еді,

Мен де анамды жақсы көретім, себебі!

Билесің бе, бұл әлемге адамдар,

Ана жайлы айту үшін келеді!» – деп Ерлан (Ж) ақын жырлағандай, дүниеде анадан асқан жан жоқ. Ал, 8 наурыз жақындаған сайын жүректегі толық да күшейе түседі. Себебі, бұл күн – барлығымыз үшін ерекше! Барша әйел қауымының асыға күтетін мерекесі ең алдымен асыл жан – ананы құттықтаумен басталуы керек шығар... Ананың алдындағы борыш ешқашан өтелмеген емес.

«Анын та анадан туады» дегендей, ақын, жазушылардың анасы қандай?» деген сұрақ қамың оқырманның қызығушылығын оятарға хақ. Себебі, ақынның ақын, жазушының жазушы болып қалыптасуына отбасының, әсіресе, ананың әсері ерекше.



Менің АНАМ...



Гүлбақыт ҚАСЕМ, ақын: – Анам 15 баланы өмірге әкелген алтын құрсақты, батыр ана. Сүйегі асыл жан текті әулеттен шыққан, арғы аталары – Салпық би, Жақыбай болыс, әкесі Төрехан ақын болған. Ел басына күн туғанда, қазақтың жақсы мен жайсаңы құдаланған заманда бабалары арғы бетке өтіп, анам Қытай жерінде дүниеге келіпті. Әкеден жастайынан айырылып, өмірдің қиындығын көп көргендігін, 10 жасынан еңбекке араласып, бидай орып, мал бағып, келі түйіп, тау өтегіндегі өзеннен інағашпен су әкеліп, өзінен кейінгі бауырларына қамқорлық танытып, үлкен шешесінен (әжесіне – Саруан әже) көп дүние үйреніп, қолқабыс жасағанын тебіреніп әңгімелеп отырады. Сол қиындықтар анама үлкен өмір меңгелеп болғанын, барлық қолөнер түрлерін меңгеріп, шетте жүріп туған елге деген сағынышын қара өлеңмен өріп, ұлттық тұрғыларымызды жадына тоқып, өз ұрпағына көзінің қарашығындай жеткізгенін бүкіл ауыл әлі күнге дейін айтады.

Анам өте сұлу, ақылы көркіне сай, жастайынан қолынан өнер тамған, өте ісмер жан болыпты. Сол кездегі салт-дәстүрге байланысты анамды 14 жасында әкеме ұзатыпты. Келген жері де тегін емес, Қожбанбет би, Болатай қажы, Метербай болыс әулеті екен. Енесінің қызы болмағандықтан, 17 жасқа дейін қызындай болып қойнында жатыпты. Ене мен келін арасындағы жарасымдылықты, енесін (әжемді) ақ төсекке отырғызып, мәпелеп бағып, о дүниеге ризалықпен аттандырғанын – үлкен даналықтың, ұлағаттылықтың үлгісі деп білемін.

Ешнәрсе оңайлықпен келмейді, әкем екеуі атамекенге оралған соң, қыс – қыстауда, жаз – жайлауда мал бағып, ұл-қыздарын өсірді. Өнеге, тәлім-тәрбие берді. Анам – мен үшін бағасыз даналық мектебі, ана университеті. Өзі хат танымаса да, көкірек көзі ояу, көрген-түйгені мол. Балалары мен немерелерін мейірімді жүрегімен ақ бесікке бөлеп, ұлттық тәлім-тәрбиемен сусындатты. Халық ауыз әдебиетінің жауһарларын құлағымызға құйды. Текемет басып, ою ойып, сырмақ сырып, кесте тігіп, шөлі тоқып, бізге қуыршақтай етіп, көйлек тігіп беріп, қатарымыздан кем қылмай өсірді. Анамның ешқашан «қиындық көрдім, шаршадым» дегенін естімеппін. Үнемі адал еңбек етуді, талаптануды, біреудің ала жібін аттамауды өсиет етіп келеді.

Менің сөз өнерін бойыма дарытуым, ақындық өнерім – ананың ақ сүтімен берілген қасиет деп білемін. Қазір 90 жасты алқымдап қалған анам шыққан кітаптарымыз маңдайына тигізіп, мұқабасынан сүйіп, жанарына жас алып қабылдайды. «Сен – халықтың қызысың, еліңе қызмет жаса» деп отырады. Әттең, өзіне жазылған өлеңдерді өзі оқып, тыңдай алмайтыны, көріліктің дендеп алғаны – көңілімді босатады. Әлемдегі ең қымбатты жан – Аналарымыз аман болса екен.

Есболат Айдобосын, жазушы: – Ұлдың кенжесі болғаннан ба екен, үйдегі еркенің бірі мен өдім. Апама бір еркелеймін, шешеме екі еркелеймін. Екі енені қатар еметін тел қозыдай әркімге бір соқтығып жұнттай боп жүрем. Бірі жоқта, екіншісі дайын тұрады, тыққан-пыққанын оңашалап береді. Апам кешкілік ертегі айтып ұйықтатады, анам ертеңгілік өңдетіп оятады. Бастауышта оқып жүрген жылдары төсектен оңайшылықпен тұрмайтынмын. Күл шығарып, от жаққан, ас қамдаған жұрттың таңғы қарбаласын сезіп, біліп жатамын, бірақ өтірік ұйықтағансып бүркеніп аламын. Бір кезде бөлменің есігі ақырын ашылып анамның даусы естіледі.

Қояным, тұрдың ба?
Бетіңді жудың ба?
Айнаға қарадың ба?
Шашыңды тарадың ба?
Тәпшкенді кидің бе?
Тықылдатып жүрдің бе?

Анамның өзіне тән әуенмен еркелете айтқан тақпағы аяқтала бере көрпелі серпіп тастап, атып тұрамын. Неше жыл өтсе де сол тақпақ жадымнан өшпепті. Бүгінде балаларыма айтып берем кей-кездері, әр айтқан сайын балалық шақтағы сол бір сәтті, сол бір жұмсақ үнді сағынамын.

Анам ұзақ жыл совхоздың ветеринарлық дәріханасын ұстады. Ерте кетіп, кеш келеді. Менің әдебиетке құмарлығымды алғаш таныған адам сол кісі. Жұмыстан қайтарда дүкенге соғып кітап ала келетін. Таңдап, таразылап жатпаймын, оқи беремін. Бір күні үлкен-үлкен екі кітапты көтеріп кірді үйге. Бірі солақшалала келген ақшыл түсті, екіншісі күрең-қызыл. Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ жол» атты кітабы мен «Ай, Заман-ай, Заман-ай» жинағымен осылайша танысқанмын. Ахаңның «Ер Сайын» жырынан бастап, «Әдебиет танытқыш», мысал өлеңдерін түгел оқып шықтым, біразын жаттап алдым. Ал, «Заман-айды» бірер аударып-төңкерген соң «Бес ғасыр жырлайдының» көшірмесі ғой» деп сөреге сүңгіткенмін. Өйткені ол кезде М.Мағауин құрастырған әйгілі еңбекке енген жырлардың біразын жатқа соғатынмын. «Аласапыранды» да түсінбесем де екі қайтара оқып алғанмын. Осылайша анамның арқасында әдебиеттің уызын ерте іштім.

Анам өркез прогрессивті ойлайтын. Менің талабымды байқаған соң Алматыда оқытқысы келді. Әкем екеуі жоспар құрыпты. Қаладан үй аламыз деп ақша жинаған, ол қаражат жиналып бола бергенде атама естірткен. «Білім», «балаңың болашағы» дегендерді атам бастапқыда қоштаған, соңына қарай шарт кеткен. Өйткені жоспар



бойынша Алматыға мен жалғыз емес, апамен бірге баруым керек екен. Маған бас-көз болар басқа адам жоқ. Апамен де келіссөз жүрген, ол кісі де «городской» болуға кетері емес екен. Тек «қартайғанда кемпірімнен ажыратайын деп жүрсіңдер ме?» деп шатақ шығарған қара шалға ешкім шыдас бере алмаған. Анамның «баламды жақсы жерде оқытсам» деген ұлы арманы осылайша кейінге шегерілген. Бірақ бұл ойынан бас тартқан жоқ. Алтыны бітіріп, жетізе көшетін жылы болу керек, жоспардың екіншісін іске асыруға талпынды. «Елімізде түрік лицейлері ашылады екен, дарынды балаларды қабылдайды» деген ақпарат біздің ауылға жетеді. Мектептен рұхсат қағазын алған бойда екеулеп Алматыға тарттық. Әлгі лицейді тауып, құжат тапсырдық, сұхбаттасу түрінде өткен емтиханға кірдік. Алайда бұл қадам да сәтсіз аяқталды. «Кім болғың келеді?» деген сұраққа «әдебиетші, жазушы болам», – деген жауабым түрік мұғалімге ұнамай қалғанын сезгенмін. Түйсік алдамапты. Өтпедік. Тізімнен аты-жөнімді таппай тұрған сәтте дүние төңкеріліп кеткен. Іш қыз-қыз қайнайды, жылайын десем жас шықпайды, булығып қалдым. Ал, анам мықтылық танытып, ешкімнен ұрысқан да жоқ, маған да реніш білдірмеді. Қолымнан жетелеп алып кетті. Алматыда ары-бері қыдыртып, көңілімді көтерді.

Балмұздақ жеп отырғанбыз. Палка көтеріп орта бойлы бір жігіт өтіп бара жатты. «Сен де кейін өскенде осы баладай томпаңдаған студент боласың», – деп күлдіргені есімде. Сөйтсек анамыз балаларын оқытып, білімді де білікті азаматты күлуді ерте армандаған екен. Ол арманды ауылдан талапкер болып аттанып, студент болып оралған сәтте жарым-жартылай орындағандай болды. Мойыңға үлкен жауапкершілік жүктелді, өкешешенің үмітін ақтау деген. Сол жауапкершілік мені үздік студенттер қатарына жетеледі, сол жауапкершілік жастық шақта болатын түрлі әнтек әрекеттен сақтады, сол жауапкершілік әлі күнге алға жетелеп келеді. Тығырыққа тірелген сәтте, шешім қабылдайтын кезде тоқырау жылдары барын балаларына салған әкем мен шешем көз алдыма келеді. Қандай да бір жетістікке жетсем ауылдағы екі адамды ойлаймын. Олардың мен үшін қуанып жатқанын сеземін, мақтанып, марқайып отырғанын білемін. Сонан кейін оларды қуанту үшін тағы бір дүниенің жалына жармасамын, мен жақтан тек қана жағымды жаңалықтар жетіп тұрса деймін. Быыл әкем 69 ға, анам 65 ке келеді. Бүгінде балаларының ғана емес, немерелерінің қызығына қуанады, солардың тілеуін тілейді. Аналарымыз аман болсын! Аналарымыз қуанытын балалар көп болсын!

Сағыныш НАМАЗШАМОВА, ақын: – Бір атадан бес қызбыз. Ағам ерте жастан дүние салды да, оның соңында қалған жалғыз тұяқ Маржан да бізге алтыншы болып қосылған.

Біз анамызды кейде қалжыңдап «Жедел жәрдем» дейміз. Өйткені осы алты қыздың қайсысына қандай көмек керек, кімде не жетіспей жатыр, соның бәрін бас-аяғын түгендеп, немерелеріне қарап, мектептеріне апарып, бірде Талдықорған, бірде Алматы, бірде ауыл – қай жаққа көмек керек, сол жақта зыр жүгіріп жүргені. Кейде «Неге сөйтесіз, өз проблемаларын өздері шешің, өз балаларына өздері қарасын, бір уақыт демалсаңызшы» деп жатамыз өзімізше. Жоқ, ол кісі жасым 70-ке келді деп ештеңеге алаңдамай мағазданатып отыра алмайды. Табиғаты солай. Ол үшін перзенттің жайы бірінші орында. Және «Өмір – қозғалыс» деп білетін жандардың қатарында. Ондай адамды біреу «мазасыз» дер, біреу «пысық» дер, біреу «шапшаң» дер, қалай десе де, айтылған сипаттаманың бәрі де үздіксіз қозғалыста болатын анамның табиғатын танытатындай. Қонақсыз отыра алмайтыны тағы бар. «Үйіне кісі кіріп шықпайтын үй үй ме?!» деп отырады.

«Біреуге жасаған жақсылығыңды тез ұмыт, біреудің жасаған жақсылығын ұмытпа». Бұл – менің анамның өмірлік қағидасы. Шешендік танытып, ақыл айтып, сөзбе-сөз осылай мақалдатып келмейті. Бірақ мен оның сондай ұстанымын күнделікті өмір салтынан-ақ аңғарып, көңіліме түйіп алғанмын.

Әкем мен ағам араларына қырық күн салып бірінен кейін бірі о дүниелік болған соң, ауылда шешем бір өзі қалды. Біз бойжетіп, ұядан ұшып кеткенбіз. Кішкене қыздардың малдың су-шөбіне әлі келмейтін уағы. Бір өзі ер азаматтың барлық жүзін қайыспай көтеріп, талай қиын күндерді басынан өткерді. Сондай сәттерінде көршілерінен, ағайындарынан көрген қайырымын, тіпті кішкентай ұл балалардың қолқабысын әлі күнге ұмытпай айтып отырады. Және үлкен жанашырлық жасағандардың сол жақсылықтарын ойларында жүрсін деп үнемі бізге де құлаққағыс қып сіңіріп отырады, қолдарынан келсе, жақсылықтың өтеуін қайтарар дейтін болуы керек. Ал өзінің жасаған жақсылығы қаншалықты көп болса, соншалықты дабырасыз. Тіпті мейірім мен қолы ашықтығы өзіне талай рет таяқ боп тигенін білгенмен, өзі ол туралы сөз қозғап, «Мен сөйтпедім, мен біреуге бүйтіп едім» дегенді айтып көрмейті.

Ата-әжем біз ес білмей тұрып дүниеден өтіпті. Бірақ анамыздың ата-енесі жайлы әңгімелерін менің кеудемде олардың жарқын бейнесі жасалып, олар жайлы жылы естеліктер жаңғырып тұр.

Анам жайлы ұзааақ айта беруге болады. Әңгіме әлі де айтылар, жазылар, бірақ ең бастысы – амандығы, денінің саулығы, көңілінің тоқтығы, жүрегінің тыныштығы!



АҚПАРАТТАҒЫ АРУЛАР

ЖАҢА АЛЫҚ

ЖАҢЫНДЕРЛЕРІ

Әйел – аяулы, жар, мейірімді ана, отбасының ұйытқысы, ажары. Ал отбасындағы мойнына жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындай жүріп, қызметте тәжірибелі маман, білікті басшы, үміті тәлімгер бола білу – екінің бірінің қолынан келе бермес өнер.

Қоқтөменің алғашқы мерекесі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған журналистика саласының, соның ішінде тәулік бойы дамысыз жұмыс істеп тұрған «Жетісу» телеарнасының жаңалықтар бөлімінің арқарымен тілдесудің сәті түрді. Олай болса, демалыс дегенді білмейтін, тіпті түсінбейтін, демала қалса ауырып қалайтын жауынгер журналистердің өзі жайында айтқан әңгімесін тыңдайық.

«Өзімді басқа салада елестете алмаймын»

«25 жыл өмірімді журналистика саласына арнағаныммен әлі де болса жазып құмарымнан шықпадым». Бұл – ширек ғасырын өзінің сүйікті ісіне арнаған Гүлжанат МАҚҰЛЖАНОВАНЫҢ жүрегінен жарып шыққан сөзі.

Жұмысына жұмысшына балайтын жан бүгінгі күнге дейін журналистиканың жілігін шағып, майын ішкенімен «жазарым мен халыққа жеткізерім әлі алда» дейді. Жастайынан шағын өлең, әңгімелер жазуға әуестігі мен бұл



салаға деген ынта-ықыласының бары байқалған оның алғашқы туындылары «Өмір нұры», «Шұғыла» атты аудандық газеттерде жарық көре бастаған. Мектеп бітіргеннен кейін отбасының ықпалымен армандаған журналистика мамандығына емес, Қазақ педагогика институтының филология факультетіне оқуға түссе де, оның журналист атанам деген кіршіксіз арманы көңіл түпкірінде сол күйінде сақталып қала берді. Қолына ұстаздық дипломын ұстаған жас маман әуеліде мұғалім, кейіннен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сынды қызметтерді атқара жүріп, жан-жақты ізденістің арқасында айрықша көзге түсе бастайды. Көп ұзамай қалалық әкімдіктің баспөз қызметіне шақырылады. Телеарна саласына деген алғашқы қадамын басқан ол арманның алдамайтынына көзі жетті. Бұл жайында ол:

«Жас шағымнан армандаған журналистика саласына келуіме түрткі болған, менің бағымды ашқан қазіргі І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты шаралардың бірі еді. Сол кеште жүргізуші болған мен ерекше көзге іліккен болуым керек, қала әкімінің баспасөз қызметіне шақырту алдым. Осылайша телеарна саласының алғашқы баспалдақтарына қадам бастым» деп есіне алды.

Телеарна саласының ыстығы мен суығына төзіп, сан түрлі електен өткен, бүгінде ардагер журналистке айналған Гүлжанат Мақұлжанова қазіргі таңда «Жетісу» телеарнасындағы «Жаңалықтар» бөлімінің қазақ

редакциясын басқарады. Алдына келген талай жасқа қажыр-қайратын төгіп, білгенін үйретуден жалыққан емес. Қарапайымдылықты жаны сүйетін ол ұжымына сыйлы, жастарға үлгі, ақылшы, отбасында асыл жар, үш бірдей бала тәрбиелеп отырған аяулы ана. Өзінің соңын басып, ізін жалғаған ұлы Алматы бүгінде әріптесі, ал үлкен қызы Мадина болса ҚазМҰУ-дің журналистика мамандығы бойынша білім алып жүр. «Тәулікте 24 сағат болса, соның тең жартысы түсірілім алаңы немесе студияда өтеді. Қызметім – өмірімнің айнымас бір бөлігі. Жаныңның бөлшегінен ажырап, алшақта өмір сүру мүмкін болмаса, менің де журналистикадан бөлек өмір кешуім мүмкін емес. Өзімді басқа салада елестете алмаймын. Себебі, жұмысым – жұмағым. Бұл салада еңбек еткеніме 25 жыл толғанымен, әлі де жазып құмарымнан шықпадым, жазарым әлі алда. «Заманына қарай адамы» демекші, бүгінгі жастар жалынды, талантты да талапты. Оларға тек бағыт көрсетіп қана қоймай, білгенімді үйретуден ешқашан жалықпаймын. Мен үшін студия – қасиетті орын. Осы ортада қанат қағып, осы жерде шыңдалдым. Енді сол төккен тер мен жасаған еңбегімнің жемісін көру – басты мақсатым» – дейді Гүлжанат Ахметқызы.

Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы

«Жетісу» телеарнасының жаңалықтарын тыңдап отырсаңыз Гүлжанат Мақұлжанованың үні құлағыңызға естілгендей болады. Тіпті сөз саптауына дейін айнымаған өзі. Алайда есімі басқа. Бұл қалай? Иә, бұл – Гүлжанат Мақұлжанованың мектебінен өткен, ұстазының жанынан бір елі қалмай жүріп жатпаласа үйренген шәкірті Кәмшат МҰХАМЕТЖАН.



Мектеп жасынан бастап шығармашылыққа әуес болған қаршадай қыз Абай, Мұқағали оқулары сынды түрлі әдеби байқауларда топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп жүреді. Жастайынан жаны қалап, журналист болуды арман етсе де, тағдыр оны мүлдем басқа арнаға ауыстырды. Дегенмен ол айтқанынан қайтпайтын қайсар мінезі мен

бірбеткейлігінің арқасында ата-анасына ұнамаса да, заңгер мамандығын тастап, бір жылдан соң қайтадан І.Жансүгіров атындағы журналистика мамандығына оқуға тапсырады.

Университет табалдырығын аттай салған күннен бастап өжеттілігімен көзге түскен Кәмшат түрлі шараларда алдыңғы қатардан көрініп, ЖМУ-дің оқу студиясында түрлі бағдарламалар жүргізіп, дикторлық қызметті де атқарады. Оқу практикасын «Жетісу» телеарнасының жаңалықтар бөлімінде өткізіп, сол уақыттарда өз жұмысына деген бейімі мен икемділігін көрсеткен ол университетті қызыл дипломмен тәмамдағаннан кейін бірден «Жетісу» телеарнасына жұмысқа қабылданады.

– Мамандығымды жақсы көргенім соншалық, кейде күн демей, түн демей, кейде демалыс, мейрам күндері де жүре беремін. Себебі біздің жұмыстың дәл қызған шағы да – сол. Айналада болып жатқан жаңалықты бүкіл болмыс-бітімімен халыққа жеткізу – басты міндет. Журналистика әлемі мені көп нәрсеге үйретті. Ел араладым, жер көрдім, жаңа адамдармен таныстым, тіпті осы жұмысымның арқасында аз да болса елге танылдым. Ал іссапарға шығу деген менің сүйікті ісім. Жол үстінде жүріп жаңа шабыт пен жаңа идеяларға кенелесің. Ниеттің түзу болуы мен әрдайым ізденіс, талпыныста жүрсен барлығына жетуге болатынына көзім жетті, – дейді ол.

Өжеттілік, қайсарлық пен айтқанынан қайтпайтын бірбеткейлік-Кәмшаттың бойындағы асыл қасиеттері. Соның арқасында бүгінгі таңда ол «Жетісу» телеарнасының «Жаңалықтар» бөлімінде тілшілік қызмет атқарады. Ұдайы ізденісте. Болдым, толдым демейді. «Алдыңғы аға буыннан үйренерім көп» деп өзін қамшылаудан еш жалыққан емес. Талапты жас бүгінде облыстық, республикалық көлемдегі марапаттарға ие болып, ұжымның мақтанышына айналған. Жұмыстағы ұстазы әрі ақылшысы, тіпті, өзінің сырлас досы, жанашыры санайтын Гүлжанат Мақұлжановаға айтар алғысы бөлек.

«Журналистиканың ішінде жаңалықтарға келгенім – жан қалауым. Жылдамдыққа үйретеді, шыңдайды. Журналистиканың асханасын меңгергісі келетін әрбір маман осы қарбалас ортада болуы тиіс деп есептеймін» – деп ағынан жарылды Кәмшат.

Қайта оралу

Журналистика дейтін қызу тіршіліктің ортасында жүріп, отбасына деген жауапкершілікті ұмытпаған жандардың бірі – Жазира ИСАЕВА.

«Сүйікті мамандығыммен араға 10 жыл салып қауыштым. Егер адам жүрегі шынымен бір нәрсені қалайтын болса, түптің түбінде ол сол арманына жетпей қоймайды» дейді ол.



Мектеп қабырғасында жүрген кезінен «Балқаш еңбеккері»

атты аудандық газетте өлең, кішігірім әңгімелері басылып, өзі түрлі шараларда ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түседі. ҚазМҰУ-дің журналистика факультетінің журналистік шеберлік кафедрасын тәмамдаған соң Жазираны журналистика саласымен ештеңе байланыстырған жоқ. Ол мектепте мұғалім болып, техникалық салаларда қызмет атқара жүріп, сүйікті ісіне араға 10 жыл салып қайтып келді.

«Оқу бітіру мен жұмысқа шығудың арасында бірталай жыл өтіп кеткендіктен көптеген дүние ұмытылып та қалады екен. Жаңалықтар қызметіне жұмысқа орналасып, алғаш рет түсірілімге барып келгенім әлі күнге есімде. Тапсырма бойынша оператормен бірге барып түсірілім жасадық. Қайтып келгеннен кейін бейнежазба сақталған кассетаны түсіріп келдік деп өткіздім де, тып-тыныш басқа жұмыстарымды жасап отыра бердім. Артынша бүгінгі тапсырма дайын болды ма, сценарий қайда деген кезде барып, оған сценарий жазу керек екендігі ойыма түсті» деп ағынан жарылды Жазира апай.

Жазира Бектемісқызы журналистика саласындағы қызметтік жолын «Рахат» телеарнасынан бастап, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының жаңалықтар бөлімінде, «Айтуға оңай» бағдарламасында жалғастырған. Кейіннен «Даму» кәсіпкерлік қорының PR менеджері болып жұмыс атқарды. Ал 2016 жылдан бастап «Жетісу» телеарнасы «Жаңалықтар» бөлімінің шығарушы редакторы.

– Жалпы журналистика саласында жұмыс жасап жүргеніммен, осы уақыт аралығында журналистиканың ішіндегі түрлі салада әртүрлі міндеттер атқардым. Әр саланың өзіндік ерекшелігі бар. Себебі, сол қызметті істей жүріп жаңа бір қырын танып білесің, адамда жаңаша бір көзқарас қалыптасады. Ал отбасы мен қызметті қатар алып жүру – мен үшін ешқандай қиындық туғызбайды. Сондықтан да, менің жан-жақты болуым, пісіп-жетілуім де соның арқасы деп ойлаймын, – дейді ол.

Бүгінде Жазира апай бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана. Ұлы әскери салада қызмет атқарса, қызы І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-де орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып жүр.

Лина АЙДЫН

К 25-ЛЕТИЮ АССАМБЛЕИ

Масленая неделя – традиция, вошедшая в нашу культуру давно. Испокон веков славяне, так праздновали начало весны. Как правило, принято всю неделю перед Великим постом, отмечать пробуждения ясного солнца, вдоволь насытившись молоком да маслом. В этом году, проводы зимы в нашем городе провели 1 марта. Но это далеко не единственное событие, которое праздновалось в этот день. Что ещё отмечали? И почему жители города благодарили друг друга?! Об этом читайте в этом выпуске!



ЗДРАВСТВУЙ, СОЛНЦЕ ЯСНОЕ!

особую значимость празднику, который олицетворяет высокий уровень доверия и признательности, глубочайшее уважение и взаимопонимание между людьми.

Во-вторых, сегодня праздничная дата совпала с древним народным славянским праздником – Масленица. Эти совпадения вселяют в душу каждого из нас особые чувства радости, благодарности и уважения друг к другу. С праздником вас, дорогие друзья! Мереке құтты болсын!».

На этом празднике Весны все нашли себе занятие. Некоторые наслаждались концертной программой: на сцене выступал танцевальный ансамбль «Өрнек» с танцами «Шашу» и «Хоровод», вокальный ансамбль «Зори Семиречья» в исполнении народных песен «Ой вставала я ранёшенько», «Как пошёл на рынок зять». Ещё радовала всех творчеством вокальная группа «Весёлая компания» с песней «В роще калина», и народный Хор ветеранов в исполнении двух песен: «Бабушки, старушки» и «Дарья». Другие тем временем, взявшись за руки, вели большой хоровод. А остальные стали зрителями миниатюр «Две кумы» и «Свекруха и невестка».

Кроме того, все желающие принимали участие в различных играх и конкурсах: «Битва подушками», «Силачи» (поднятие мешка) и «Закинь бревно» (спортивное состязание), «Супер Зять» и «Супер тёща» (народные конкурсы). Вдобавок к хорошему настроению, победители ещё и получали интересные призы. К примеру, PATY FOOD проводил 2 конкурса: «Пирожки» и «Кто кого», разыграв сертификаты на бесплатное посещение собственной сети быстрого питания. Ну а под конец веселья, все дружно сожгли чучело. Так, по традиции в старые времена на Масленицу загадывали желания в конце праздника. У нас же со словами «Счастья говорите? Для нас большое счастье, что над нами голубое, чистое небо, что живём мы в Казахстане, в мире и согласии!» завершились пышные гулянья.

Алина ГАТУНОК



В текущем году 1 марта, стало многофункциональным днём в календаре. Жители города Талдыкорган в первый день весны, отмечали не один, не два, а целых три события! Это фольклорный праздник — Масленица, день благодарения, и 25-летие Ассамблеи народа Казахстана. Празднование состоялось на центральной площади Дома Дружбы под девизом: «Здравствуй – Масленица!». А инициаторами проведения выступили Ассамблея народа Казахстана Алматинской области КГУ «Дом Дружбы – Центр общественного согласия» и Алматинский областной русский центр.

С раннего утра на площади звучала народная музыка. Сцена

была украшена всевозможными плакатами, и оформлена в виде теремков. А также были ростовые куклы, с которыми каждый хотел запечатлеться. Кроме этого, участники были разнообразно одеты в национальные костюмы русской культуры, и с удовольствием фотографировались с желающими. Несколько предприятий и организаций предлагали гостям традиционные блины, сладости, вкусный горячий чай, и разнообразную выпечку. А также проводилась ярмарка животных от общественного фонда «Зооклуб». Так, не только люди проводили весело время, но и бездомные животные нашли новых хозяев.

Во время мероприятия с торжественной речью выступила заместитель акима города Талдыкорган Сауле Арзанбекова. Она от имени всего города выразила благодарность жителям за присоединение к празднику, и пожелав мир, призвала всех принимать активное участие в спортивных соревнованиях и развлечениях. Принёс свои поздравления и заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана Алматинской области, заведующий секретариатом Габит Турсынбай: «Дорогие Талдыкорганцы и гости, уважаемые соотечественники! Во-первых, поздравляю

всех с днём благодарности. Появление этой даты в национальном календаре, имеет глубокое значение и смыслы. Идея мира, дружбы и согласия заложена самой исторической судьбой Казахстана. И в этот день мы отдаём дань уважения нашей общей истории, творцом которой стал полиэтничный народ Казахстана. Для АНК этот день знаменателен вдвойне. Со дня создания Ассамблеи сегодня исполнилось ровно 25 лет. Глубоко символично, что именно 1 марта стал днём благодарности, и днём создания АНК. Это совпадение придаёт особый смысл и

ПРОЦЕСТІК КОДЕКС

СОТ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРМАҚ

ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТИҢ СОТ ТӨРЕЛІГІ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА-СЫМЕН ЖОҒАРЫ СОТ ӨЗІРЛЕГЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫ ПАРЛАМЕНТТИҢ ҚАРАУЫНА ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫ ЗАҢ ЖОБАСЫНДА АТАЛҒАН КОДЕКСТИҢ 505 БАБЫНЫҢ 85-НЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛУ КҮТІЛУДЕ.

Негізгі өзгерістерді атап өтетін болсам, енгізіліп отырған өзгерістер сот процестерін жетілдіруге, артық сот шараларын, дауларды бейбіт жолмен шешуді реттеуге, сот саласын цифрландыру, сондай-ақ, істерді қарағанда толыққанды және әділ шешім шығаруда соттың белсенді роль атқаруына бағытталды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен жүргізілген «Сотта, соттан тыс татуластыру», «Smart Sol», «Электрондық сот өндірісі» пилоттық жобалардың сәтті шығуы қолданыстағы АПК-те өз орнын табады. Енгізілетін өзгерістер соттарға өз бастамашылығымен істің мән-жайын анықтауға, тараптардың дәйектерін, ұсынылған дәлелдердің растығына көз жеткізуге, сондай-ақ дәлелдерді уақытылы және толығымен жинақтауға құқық береді.

АПК-пен белгіленген ережелер сақтала отырып, сотқа электрондық нұсқадағы дәлелдер электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылып беріледі. Қазақстан Республикасының заңнамасымен электрондық құжатты дәлел ретінде қолдануға жол берілмейтін жағдайды санамағанда, электрондық құжат дәлел деп есептеледі. Сондай-ақ, өзгерістер сот процестерін цифрландыруға да қатысты болмақ. Ендігі

жерде процеске қатысушылар гаджеттер көмегімен талап арыздарын жіберуге және сот процестеріне қатысуға мүмкіндік алады. Соттың шақыртуына сырқаттанып қалуына, кәрілігіне, мүгедектігіне, шалғай аймақта болуына және басқа да себептермен келе алмаған жағдайда куәгерден техникалық байланыс құралдары арқылы жауап алуға мүмкіндік жасалынады.

Татуласу шаралары шеңберінде тараптар мемлекеттік баж салығына қосымша төлем жасамай-ақ, сот ісі талаптарының көлемін ұлғайта алатын болады. Сонымен бірге сот Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кәсіпкерлік қызметпен байланысты дауларды санамағанда, басқа тұлғалардың әлеуметтік, қаржылай қиындықтарын ескере отырып, заңды көмек пен сот шығындарын төлеуден босата алатын болады. Талап қоюшы қосымша процесуалдық әрекеттер жүргізу қажет болмаса, сот шешім шығаруға шығын

кеткенге дейін талап арызының негіздемесін өзгертуге, қойылған талаптың мөлшерін жазбаша өтініш беріп ұлғайта немесе азайта алатыны көзделген. Енгізілген толықтырулар шешімді жария етуді сот актісінің қарар бөлігін сот шешім шығаруға шыққан күннен бастап бес жұмыс күніне кейін қалдыра алады. Сонымен қатар, шешім қарар бөлігін жария ету мерзіміне дейін соңғы нысанда дайын болуы тиіс.

АПК-гі өзгертулердің басты мақсаты істің толығымен және уақытылы қаралуын, сот өндірісін оңайлату және жүктемесін азайту, әділ және ақылға қонымды шешім шығару, іс бойынша ақиқатқа жету үшін соттың белсенді роль атқаруын қамтамасыз ету болып табылады.

Б. ҚОЖАХМЕТОВ,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасының м.а.

САЯСАТ

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ

Қазақтың көшпелі дәуірінің өзінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Олар-өмір-өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» деп қараған. Ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген.

Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде

айналыса бастады. Осының нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскені жасырын емес. Соның арқасында біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы рөлі де күшейе түсті. Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс істеп жүр. Олар – ана, олар – жар, олар – қыз, олар – келін. Қызметтен де басқа қоғамдағы орындары бар. Ең бастысы – әйел қоғамның тең құқылы мүшесі. Гендер мәселесіне жан-жақты қарау керек.

Елімізде гендерлік теңдік мәселелерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, сонымен қатар, нормативті-құқықтық база да жетілдірілуде. 2009 жылдың желтоқсанында гендерлік бағыттаушы заңнама аясында «Тұрмыстық зорлықтың алдын-алу туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Заңдар қабылданды. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға, өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу механизмін дайындауға белсенді түрде қатысуда.

Айман АШЫҚБАЕВА,
Алматы облысының №1 көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ОЙҰШҚЫН

САЯХАТ АДАМНЫҢ ТАНЫМ КӨЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

«Саяхаттау» сөзін естігенде ойыңызға бірден не келеді? Ыстық естеліктер ме, әлде армандаған жерлерді барып көру ме? Бәлкім біреулер үшін саяхаттау – өмір салтының бір бөлігі, ал екіншілер үшін қол жетпес ләззат. Әркім өз мүмкіндіктеріне қарай шынығын таңдайды. Дегенмен жаңа жерлерді көрген адамның рухани дамуы саяхаттамайтын адамға қарағанда әлдеқайда жоғары.

Біріншіден, өзіңе беймәлім жерде міндетті түрде кейбір қиындықтарға тап боласын. Ал оларды шешу үшін көмектесетін адамдар да табылады және олармен достасып, жаңына жақын адамдарды таба аласың. Мысалға, мен Парижге жалғыз өзім саяхаттап, қалада жол таба алмай жүргенде алдымнан Алматылық қыз шықты. Сенуге қиынға соғар, бірақ әлі күнге дейін біз жақын араласып, Париждегі сол жаңбырлы күнді еске аламыз. Екіншіден, үнемді саяхаттау арқылы сіз бірнеше көрікті жерлерді бір сапардан көре аласыз. Ең бастысы – саяхаттауды нақты жоспарлап, бағыттарды дұрыс белгілеу керек.

Яғни, Еуропаға келсеңіз, Шенген визасын алдын ала жасатып, бірден бірнеше мемлекетке барып, қайтуға болады. Менің Еуропаға соңғы сапарым 7 күннің ішінде 5 мемлекетті аралаумен өтті. Жалпы құны шамамен 1 мемлекетке кететін шығыннан сәл асты.

Адамның өмірге деген көзқарасы өзгеру үшін саяхаттау керек.

Нәтижесінде әрі қарай дамуға мотивация мен жаңалықтар ашуға шабыт пайда болады. Мен үшін бұл – баға жетпес сезім. Сондықтан келесі демалыстарды қызықты өткізуді алдын ала жоспарлаңыздар.

Аяжан СӨРСЕНБАЕВА
Travel блогер

МАМАН МІНБЕРІ

ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Қазіргі уақытта азаматтық іс жүргізудің алға қойған мақсаттары мен міндеттерінің бірі сотта істі қараудың тиімділігін арттыру, уақытты үнемдеу болып табылады. Кейінгі қабылданған Азаматтық процестік кодекстегі өзгерістің бірі – оңайлатылған іс жүргізудің енгізілуі.

Оңайлатылған іс жүргізу – азаматтық процестегі іс жүргізудің жаңа бір түрі, азаматтық процестің жаңа институты. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің 13-тарауында оңайлатылған іс жүргізу тәртібі туралы айқындалған. Оңайлатылған іс жүргізуді енгізудің басты мақсаты – ең алдымен экономикалық жағынан қарағанда және азаматтық соттың, сонымен қатар тараптардың уақытын үнемдеу. Дегенмен, оңайлатылған іс жүргізу кезінде ҚР АПК-нің 2 бөлімі, 1-кіші бөлімінде көзделген барлық міндеттемелер орындалуы, сонымен қатар азаматтық процестің басты принциптері сақталуы тиіс.

Азаматтық процестік кодекстің 144-бабы 2-тармағына сәйкес, судья істерді арыз қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайды. Істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарау мерзімі ұзартылуға жатпайды. Қаралған істер бойынша істі қарауға берілген бір ай мерзім сақталған.

Әрбір істі мұндай тәртіппен қараудағы негізгі мақсат – іс бойынша тараптарды сот отырысына шақырмай, сот отырысын өткізбей, олардың алдын ала ұсынған дәлелдемелерін судьяның жеке, ішкі пайымын басшылыққа ала отырып шешім қабылдауына мүмкіндік туғызу. Ең бастысы судья бапқа сәйкес, қос тарапқа заңнаманы барынша түсіндіріп, жауапкердің өзі негіздейтін құжаттар мен дәлелдемелерді беруі үшін мерзім белгілейді. Пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін тараптарды шақырмай-ақ, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайды. Сот шешімді қабылдаған кезде тараптардың ұсынған түсініктеме, қарсылық және дәлелдемелерін басшылыққа алады. Бір айта кетерлігі, істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарау барысында хаттама жүргізілмейді және істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

Самал ҚАЛИМОДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

ТАТУЛАСУДЫҢ ТИМДІЛІГІ КӨП

Біздің қоғамда адамдардың бір-біріне мейіріммен қарауы сонау қазақ халқының едет-ғұрпынан бастау алады. Қазақ қоғамының көзқарасына сай сот билігінің түпкі мақсаты – дауласушы жақтарды табыстыру, татуластыру болған.

«Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасының енгізілуі – Елабасының «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруға бағытталған қадамдардың бірі. Елдегі татулық пен тұтастықтың түп тамыры әр шаңырақтағы тәлім-тәрбиеде жатыр. Медиацияны түймезді ғана мәселелен туындап жататын соттасулардың отты ошақтарына су бүркіп, саламатты ұрпақ бойына мейірім мен парасат, ізгілік пен ілтипат нұрын бойлатудағы идеологиялық күш. Болашағы біртұтас елдің барлық мемлекеттік және азаматтық қоғам институты қызметінің ең басты қағидаты – қоғамдық келісімді сақтау және нығайту.

«Татуласу: сотқа дейін, сотта» тәсілімен

дауды шешкен кезде сотқа қатысушылардың уақыты үнемделеді, татуласу келісімі бойынша кері қайтарылған қаражаттарды тараптар өз игілігіне жұмсай алады, тараптар өздерінің құқықтары мен татуласу рәсімдері бойынша заңды біліп, ең бастысы, медиатор-судья көмегімен тараптардың адамгершілік тұрғыда бір-бірін тыңдап, татуласуына мүмкіндік беріліп, өз ортасында құқықтық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді. Сөйтіп, қоғамда дұрыс құқықтық сана-сезім қалыптасады.

Алмаз ДҮНГЕНБАЕВ,
Алматы облысы МАЭС-ның жетекші маманы.

МЕДИАЦИЯ



АЙТЫС

Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағашта тайбұрылдардың шабысы өтті. Осымен оныншы мәрте ұйымдастырылып отырған оқушылардың аламан айтысы қалыптасқан дәстүр бойынша жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 174, Абай Құнанбаевтың 175, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналды. Республиканың Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау, Атырау, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, облыстары мен Алматы қаласынан барлығы 30 жас айтыскер қатысты. Жетісу өлкесін жырға бөлеген жас толқындардың сөз барымтасы сақа ақындардың жыр сайысынан кем болған жоқ.

Айтыстың басты тақырыбы ХХ ғасырдың Гомері атанып, «Жамбыл деген жай атым, Халық менің шын атым!» деп ауыз әдебиетінің абызы саналған, таңды-таңға ұластырып, қисса-дастан, терме толғаулар, батырлар жырын жатқа айтқан жырау хәм ақтабан жүйрік Жамбыл Жабаевтың туған күніне орай өтті. Алматы облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен жылма-жыл құлагер ақын Ілияс Жансүгіров, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев, бір ғасыр жасаған Жамбыл Жабаевтың туған күндеріне орай ұйымдастырылатын бағдарламалар республикалық деңгейде өтіп келеді.

Хош, сонымен, жал-құйрықтары түйілген, тайлардың жарысынан ақпарат таратайық. Сонау Мұрын, Сүгір жыраулар елінен, мұнайлы өлке Маңғыстаудың төрінен келген Жанболат Алиев, Рамазан Тезекбаев, Тайжан, Шашубайдай шайырлар шыққан Сарықардай аймақтан Әлихан Ерғалиев, Абзал Мақаш өлең-жырдың су төкпес жорғасы желдірме ақын Иса Байзақовтың туған топырағынан Бексұлтан Қайдаров, Атыраудан Нұрасыл Иса, сыр сүлейлері

ТАЙБҰРЫЛДЫҢ



ШАБЫСЫ - АҰ

қыздырды. Бұл аталған аймақтарда айтыс мектебінің қалыптасқанын ардагер ақтангерлер мен үзеңгі қағыстырып, сөз жарыстырған жас айтыскерлер бір-бірі алып та шалып та жықты. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» деп Шәкәрім қажы айтқандай, айтыстың өту үрдісі де бөлек болды. Себеб, соңғы жылдары айтыс төңірегінде айтылып жүрген «айтыскерлер бір-бірімен келісіп айтысады, кейбір айтыскерлерге айтыс мәтінін жазып береді, айтысты шоуға айналдырып жіберді» деген сөздердің жаны бар-ды. Осы мақсатта, саф алтындай арда өнердің бұлақ көзін тазартып, арнасын кеңейту мақсатында жас айтыскерлерді, 30 ақынды екі топқа бөліп, қоржыннан асық алу арқылы жұпталды. Айтыс үш кезеңге ұласты. Айтысқа келген отыз ақынның ішінде дара топ жарып, көрерменнің қошаметіне бөленген де осы аты аталған тайбұрылдар болды. Қоғамның талқылауынан түспей жүрген көгілдір экрандағы «Қалаулым» бағдарламасын тіліне тиек еткен алматылық Қанапия Алтынай: «Әр қазақ Замирадай жандарды емес, Жамбыл мен Абайларды білу керек» деп бірінші айналымда қарсыласына төтеп берген Алтынай, екінші айналымда жеребе бойынша тағы да сол павлодарлық Қайдаров Бексұлтанмен айтысуға мәжбүр болды. «Жеребе соқыр» деген осы шығар деп пайымдадық. Алтынайды ардақтап төбеге көтерген Бексұлтан

са құмырсқаны тағалап жіберетін тапқырылық деп осыны айтуға болатын шығар. Сондай-ақ, қарағандылық Әлихан Ерғалиев осы айтыстың бас көзіріне айналды. Салмақты сөзімен, ұтқыр ойларымен, айтыстың қыр-

сарбазы болайын деп тұр. Қолма-қол сурып салу жағынан мүдірмейді және қайтарған жауабы да сайдың тасындай ауыр. Әлеуметтік мәселені қозғағанда қоламанты қоздатқан шебердей. «Жамбылдың бір өлеңнің



сырын жетік меңгерген Әлихан: «Жер астында көмір іздеп жүрген ұлды, Төбеге бір көтеріп тастадыңдар» деп көрерменді бірден баурап алды. Әзіл айтса, әдісін біліп, мәселе айтса маймен сылағандай тігісін жатқызып жібереді екен. Жамбылды асқақтата жырлап, Абай мен әл-Фарабиді әспеттегенде алдына жан салмады. «Абайды ұлықтаудың мәртебесін, Абайдың мектебінен бастау керек» дегені залда отырған мұғалімдерге нанға май жағып бергендей ұнады. Қарсыласының аты Мұхтар болғандықтан, шетелде қашып жүрген Мұхтар Әблязовпен салыстырып та жіберді. Қарсыласы да осал емес «сен тұр мен атайының нақ өзі болып шықты. Өршелене шапқан екі тай да көбеге үзеңгі қағыстырып қатар келді. Екінші айналымға сүрінбей өтті. Осы айтыстың ішінде, көрерменге тікенек тілімен, айтыс мақамы Шорабектің ой-

байымен бастаған алматылық Қазбек Жалғас болды. Домбырасы мен дауысы үйлеспегенмен сөзі мінді оғындай, қарсыласын қара саннан қарпыған қасқырдай азуын батырды. Біраз тәжірибе жинақтаса, Шорабек, Балғынбектей айтыстағы сатираның

бойына толықтай сіңірген Абзал Мақаш – қарағандылық ақын. Бұған да бұйрық шығар деп топшыладық. Ө дегеннен қызбен жұптасқан Абзал екінші айналымда тағы қызбен жолықты. Айтысты биязы бастап, қызды көрсе, қызыл түлкі көрегендей көзі жайнап кететін Абзал екінші айналымда сәл сүрінді. Ағасы Аманжолдың Сара Тоқтамасоваға айтқан бірер шумағына жиендік жасады. Оның үстіне «Айтақын ағам жылдан-жылға өсіп келесің деген, алдыңғы жылы екінші, былтыр бірінші орын алып ем, биыл бас жүлдені берсеңдер» дегені көңілге қонбады. Сүрінді. Зал шулады, себебін айттық. Бірақ, Абзалдың «Сүйінбайдың көшесімен өткенімде, сүйір тілден мөп-мөлдір төгілді өлең» деген тапқырлығы көптің көкейінде қалып қойды. Абзалмен айтысқан сыр елінен келген Дильназ Ержігіт те Абзалды тосырқатты. «Ақырып шығар қыз көрсе, ақыр заманның балалары-ай» дегенде сүйінбеген жан қалмады. Біз айтысқа қатысқан отыз ақынды да жеке-жеке сұрыптап талдау жасағанды мақсат тұтадық, айтыстың алауын лапылдатқан орақ тілді жас толқындарды дәріптегенді жөн көрдік. Өзекті ертейтін, өз жерінде, өз елің де, аламан бәйге жасап, сол бәйгеге қосатын жүйрігің болмағаны намыс екен. Жасыратын несі бар, соңғы бес-алты жылда Алматы облысының жас айтыскерлері олжа сала алмай-ақ қойды. Намыстан өртеніп танауынан тартып жүріп жүлде өперген кезіміз болды. Бірақ, «жетектеген тазы түлкі алмайтыны» әлімсақтан айтылған тәлімді сөз. Жылда үш-төрт оқушы қосқан боламыз, олардың деңгейі өспеген, өлең құрылымдары шамалы, іздену, талпыну, айтысқа деген ынтызарлары жоқ. Быыл мектеп бітіргелі отырған Жамбыл ауданының түлегі Айым Асылбекова сахнада билеп отырғанымен жаттандылықтан ада емес. Жауаптасып айтысқандай болғанмен, сөздерінің арасына сына қаққандай ажырап тұрады. Мәселен, өз жерінде дүркірген баялыштай жұлқылғанмен көрерменге: «Мен сендерді жақсы көрем, өзімнің киілмеген көйлегімдей» дейді. Өттен, осы сөзі «мен сендерді жақсы көрем, дүрсілдеген жүрегіммен» десе әлдеқайда ұтымды болар еді ғой. Солтүстіктің ақынымен айтысып отырып қарсыласын павлодардан деп бір екі мәрте қайталады. Ақын адам сөзіне абай болуы керекті. Қарсыласы да осал болып шықты. Егер зерек, тапқыр болғанда Айымның осы сөдерінен ұстап алып, қарымта қайтарған болар еді. Бойында Алла берген талант бар, айтысқа деген құмарлығы басым сөз ізденіс пен техника жетіспейді. Осы жағын ұштастырса Айым да осал ақын болмайды. Тек ерінбей, жалықпай ізденуі керек, білімді тереңдетуі ләзім. Сонымен, айтыстың соңғы айналымына өткен үш жұп ақын арасындағы сөз барымтасы бойынша бас жүлде қарағандылық Әлихан Ерғалиевке, бірінші бәйге маңғыстаулық Рамазан Тезекбаевқа, екі екінші жүлде алматылық Атынай Қанапия мен павлодарлық Бексұлтан Қайдаровқа бұйырса, үшінші бәйгені Алматы қаласынан Жалғас Қазбек, Атыраудан Нұрасыл Иса, Алматы облысынан Айым Асылбекқызы иеленді. Ал арнайы жүлде Ақмоладан келген Серік Нұрбекке, Үметелі Кәрібаев атындағы жүлде маңғыстаулық Жанболат Алиевтің еншісіне тиіп, Есенқұл Жақыбеков атындағы жүлде сыр елінен Дильназ Ержігітке, Кенен Әзірбаев атындағы жүлде тараздық Мұхтар Қонарбаевқа, Жамбыл ауданы әкімінің арнайы жүлдесі қарғандылық Абзал Мақашқа бұйырды. Айтысқа қатысқан өзге ақындар да қаржылай және білім басқармасының арнайы мадақтама грамоталарымен марапатталды.

Айтақын МҰХАМАДИ



Тұрмағанбет, Шоряқтың Омары, Нартуған, Нартайлардың сарқыты Дильназ Ержігіт, Қаратау баурайынан Мұхтар Қонарбаев, Ақмоладан Нұрбек Серік, Алматы қаласынан Алтынай Қанапия, Қазыбек Жалғас атты жас толқындар айтыстың көрігі

да жатып атардың нақ өзі екен. «Қайта-қайта шығарып бұл арумен, Нені меңзеп тұр екен Құдай маған деген жігіт «Қалаулымнан іздемей серігімді, Қалауым мен беріп тұр Құдай өзі»-деп қыз бен жігіт арасындағы әдемі айтысты көрсетті. Қыбын тап-

байымен бастаған алматылық Қазбек Жалғас болды. Домбырасы мен дауысы үйлеспегенмен сөзі мінді оғындай, қарсыласын қара саннан қарпыған қасқырдай азуын батырды. Біраз тәжірибе жинақтаса, Шорабек, Балғынбектей айтыстағы сатираның

В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ

ВНЕДРЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ

В отечественной судебной системе активно идут обширные процессы модернизации. Во-первых, произошли институциональные изменения, связанные с реализацией Плана нации «100 конкретных шагов». Во-вторых, казахстанская судебная система внедрила в свою работу более современные и открытые форматы взаимодействия с обществом. Речь идет о 100-процентном электронном суде. Во всех судах Республики Казахстан заработала новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Төрелік» реализован механизм, согласно

которому по вступлению судебного акта в законную силу, по делам об административном правонарушении, судья в ИАС СО «Төрелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.

Данный функционал позволяет исключить необходимость повторного обращения граждан за проставлением отметки о вступлении в законную силу постановлений об административном правонарушении для предъявления его в страховую компанию.

Следует отметить, что на сегодня в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в элек-

тронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители). Введен в эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике. Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

С недавних пор на интернет-ресурсе Верховного Суда открыт новый сервис «Внешняя оценка судов». Это еще один системный инструмент по оценке работы конкретного суда.

Проект «Внешняя оценка судов» реализован как объективный инструмент оценки работы

судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде.

Отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет». Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

В частности, оценивается уровень доступа к правосудию, равноправие сторон, беспристрастность, соблюдение судьями требований судебной этики, процессуальных сроков и т.д.

Необходимо отметить, что все сервисы дорабатываются и улучшаются с учетом предложений представителей юридической общности, адвокатов и гос органов, а также по мере развития ИТ в мире и изучения успешного опыта других стран.

Диляра ИЗБАИРОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

УДОБНЫЙ СЕРВИС

СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ

Упростить процесс отправления правосудия, избавить его от лишних бюрократических процедур – теперь стало возможным и несложным при активном внедрении новых информационных технологий, прочно вошедших в повседневную жизнь граждан и работу органов государственной власти, что позволяет избежать многих неудобств и получить максимально эффективный результат при минимальных затратах временных и финансовых ресурсов.

Гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт.

Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и решений.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными до-

кументами» доступны через официальный сайт Верховного суда <http://www.sud.kz>. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет».

Судебный кабинет», является пользователем сервиса подачи электронных документов.

Авторизация в «Судебный кабинет» осуществляется с помощью ИИН или БИН и пароля. При подаче заявления (обращения) представителем юридического лица авторизация осуществляется посредством БИН.

Пользователь сервиса подачи электронных документов после прохождения процедуры авторизации «Судебный кабинет» может обратиться в суд с:

- 1) иском заявлением;
- 2) заявлением о предоставлении протокола судебного заседания;
- 3) замечанием на протокол судебного заседания;
- 4) обращением.

Гаухар КАСЫМБАЕВА,
судья СМЭС Алматинской области.

РАВЕНСТВО

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

На Саммите тысячелетия, состоявшемся в сентябре 2000 года, лидеры большинства стран мира приняли Декларацию тысячелетия Организации Объединенных Наций, одной из восьми целей которой определена поддержка гендерного равенства. Понятие «гендер» означает «род» (англ. gender, от лат. genus) т. е. это равные возможности и равные права женщин и мужчин.

Этому вопросу была посвящена XXIII Специальная сессия Генеральной ассамблеи ООН «Женщины в 2000 году: равенство между мужчинами и женщинами, развитие и мир в XXI веке» (июнь, 2000 г.). Данная сессия рекомендовала принимающим в ней участие представителям правительства принять меры по обеспечению женщинам равного доступа и полномасштабного участия во всех областях и на всех уровнях жизни.

Концепция гендерной политики в Республике Казахстан определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане.

Основные принципы гендерной политики устанавливаются гарантированными Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин.

К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку



пола.

Концепция разработана на основе Конституции Республики Казахстан, Стратегии развития Казахстана до 2030 года, Национального плана действий по улучшению положения женщин в Республике Казахстан, Конвенции Организации Объединенных Наций о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, рекомендаций ООН по ее выполнению в Казахстане, других ратифицированных международных договоров и соглашений.

Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, — это концепция, подразумевающая собой достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом посредством равных условий для реализации прав человека.

Азат ЖАНАХМЕТОВ,
главный специалист СМЭС.

ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ ПРОЦЕССА

МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДОПРОИЗВОДСТВА

Первый Президент Казахстана - Елбасы Н.А.Назарбаев перед судебским сообществом поставил четкую задачу: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий.

Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиболее простые и «повседневные» дела, то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

Упрощенные производства моделируются исходя из социальных потребностей, которые связаны с развитием экономических отношений и необходимостью быстрого взыскания долгов по неисполненным обязательствам, ускоренного применения запретов и ограничений, судебной защиты и констатацией прав и законных интересов.

Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса.

В настоящее время в порядке упрощенного письменного производства рассматриваются дела только по двум основаниям: по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц семисот месячных расчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, граждан двухсот месячных расчетных показателей; независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представленных истцом документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика, и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору.

Айнур ОРМАСHEВА,
главный специалист
Талдыкорганского городского суда.

ЗАКОН

ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для этой цели. Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. И Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Так, с 1 января 2016 года вве-

ден в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V «О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики.

Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявления. Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

Серик МУХАМЕДЬЯРОВ,
главный специалист-секретарь с
удебного заседания судья СМЭС.

ЖАРЫС

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

Ескелді ауданының спортшылары дүбірлі додаларда жүлдегерлер қатарынан көрінуді дәстүрге айналдырған. Жақында өткен жарыстарға қатысқан ескелділік спортшылар кезекті табыстарға жетті.



Талдықорған қаласында «Өркен» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бокстан 2006-2007 жж. туылған жасөспірімдер арасында Талдықорған қаласының ашық біріншілігі өтті. Оған Ескелді ауданынан 50-70 кг салмақ дәрежесінде Асылхан Амантай қатысып, жүлделі II орынға

ие болды. Асылхан – Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің 7-сынып оқушысы. Жас өренге қазақ спортында жарқырап көрінер танымал боксшы атануына тілектеспіз.

Ал, Алматы қаласында өткізілген Голбол паралимпиадалық спорт түрінен ашық турнирде құрамында Айдын Мүтәліп, Руслан Аязбаев, Серік Жұмабеков сынға түскен Ескелді ауданының команддасы жүлделі III орынға ие болды. Жеңімпаздар грамота, кубок және медальдармен марапатталды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жеңіс тұғырынан көрінуі, әрі осындай марапаттарға ие болуы жаттықтырушы Эльмира Шалқарованың жемісті еңбегінің нәтижесі екенін де айрықша айта кету керек.

Ш. ХАМИТОВ.



Талдықорғанда волейболдан қыздар арасында жарыс өтті. Оқу орындарының студенттері шеберлік байқасқан сайыста 10 команда өзара үздіктерін анықтады.

Аталмыш дода Талдықорған қаласының жоғарғы медициналық колледжінің спорт залында өтті. Жарыс қорытындысы бойынша жоғарғы медициналық колледжі қарсыластарынан басым болып, бірінші орынды жеңіп алды. Ал, жоғарғы политехникалық колледжінің қыздары екінші тұғырдан көрінсе, үздік үштікті сервис және технология колледжінің командасы иеленді. Жеңімпаздар қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің мадақтама қағаздарымен, медальдарымен және кубоктарымен марапатталды.

TDKO.KZ.

ДЗЮДО



БАЛУАҢДААР БАБЫҢДАА

29 АҚПАН МЕН 1 НАУРЫЗ КҮНДЕРІ ТҮРКИЯНЫҢ АНТАЛИЯ ҚАЛАСЫНДА ДЗЮДОДАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ЕУРОПА КУБОГІ ӨТТІ.

Екі күнге созылған жарыста Қазақстан жасөспірімдер командасы 1 алтын, 4 күміс және 3 қола жүлдемен аяқтады, Анталия татамиіне әлемнің 16 елінен 515 дзюдошы жиналды. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы медаль кестесінде 3-ші орынға жайғасты. 60 келіге дейінгі салмақта Мерей Марханбетов қарсылас шақ келтірмей, жарыс жеңімпазы атанды. Олжас Еренғайбов (60 кг), Нұрайлым Сәрсенбек (40 кг), Аружан Ережепова (52 кг) мен Шапағат Дәулет (57 кг) күміске қол жеткізді. Ал Олжас Құмар (55 кг), Нұрсұлтан Зайзағалиев (66 кг) пен Әділ Абдухатов (73 кг) қола жүлдені Қазақстан қоржынына салды. Айта кетерлігі, аталған жарыс жасөспірімдер құрамасының жаңа маусымдағы алғашқы жарысы болды. Жарысқа 2003-2005 жылғы жасөспірім дзюдошылар қатысты.

OLYMPIC.KZ.

● ФУТБОЛ

СУПЕРКУБОК «АСТАНАДА»

«АСТАНА» БЕСІНШІ МӘРТЕ ҚАЗАҚСТАН СУПЕРКУБОГІН ЖЕҢІП АЛДЫ. ЕЛОРДАЛЫҚ ФУТБОЛШЫЛАР СУПЕРКУБОКТИҢ АҚТЫҚ МАТЧІНДЕ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСТАРЫН ЖЕҢІП, ЧЕМПИОНАТТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ АТАНДЫ. КЕЗДЕСУ 1:0 ЕСЕБІМЕН АЯҚТАЛДЫ.

Турнирдің финалдық ойыны өткір сәттерсіз басталды. Алғашқы қауіпті шабуыл төреші ысқырығынан жиырма минуттан соң орын алды. Алайда, Пиерос Сотриу қақпаға дәл тигізе алмады. Бұл шабуылдан кейін елордалық футболшылар барынша белсенділік танытқанымен, бәрібір гол соға алмады. Нәтижесінде, кездесудегі бірінші және жалғыз гол тек 40 минутта салынды. Ойынның екінші жартысы голдарсыз өткенімен, қауіпті сәттерге толы болды. Матч 1:0 есебімен елордалық клубтың жеңісімен аяқталды. «Астана» осымен Қазақстан Суперкубогін бесінші

мәрте жеңіп отыр. Айта кетейік, бұған дейін «Астана» футбол клубы Еуропа лигасының топтық кезеңінің соңғы турында ірі есеппен ұтылғанын хабарлаған болатынбыз. Елордалықтар қонақта «Партизан» командасына 4:1 есебімен жеңіліп қалды. «Партизан» – «Астана» арасындағы кездесу соңында отандық командасының бас бапкері Роман Григорчуктың қатысуымен баспасөз жиыны өтті. Ол тартысты өткен матч туралы өз пікірін білдірді. Оған дейін, олар әйгілі «Манчестер Юнайтед-тке» де есе жіберген.

SPORTS.KZ.

БОКС

GGG ЖЕКПЕ-ЖЕККЕ ДАЙЫН

DAZN "Канелога" Головкинмен жекпе-жекке қатысты нақты ұсыныс жасады. Бұл GGG-дің көңілінен шықты. Келіссөздер аяқталуға жақын. Жақын уақытта «Ғасыр жекпе-жегі» тағы өтуі мүмкін.

DAZN стриминг қызметінің атқарушы директоры Джон Скиппер Сан-Диегода мексикалық Сауль "Канело" Альвареспен (53-1-2, 36 KO) кездесіп, қазақстадық Геннадий Головкинмен (40-1-1, 35 KO) үшінші жекпе-жекке қатысты ұсыныс жасады. Скиппер "Канелога" келісімшартта көрсетілген 365 миллион долларға өткізілетін 11 кездесу аясында үш жекпе-жек пакетін ұсынды. Біріншісін Альварес 2 мамыр Лас-Вегаста екінші орта салмақта WBO чемпионы британиялық Билли Джо Сондерспен (29-0, 14 KO) өткізуі тиіс. Кейін 12 қыркүйекте "Канело"



го" Головкинмен жұдырықтасады. Бұл жекпе-жек Лас-Вегас немесе Техастағы AT&T Stadium стадионында өтуі ықтимал. Ақпарат бойынша бұл GGG-дің көңілінен шығып тұр.

Ал үшіншісі, егер "Канело" Головкинмен жекпе-жектен аман-есен шықса желтоқсанда өтеді. Осылайша, мексикалыққа орта дивизионда WBA "регуляр" чемпионы

жапониялық Риота Муратамен (16-2, 13 KO) кездесу ұсынылды.

Айта кетейік, Скиппер мен "Канело" арасындағы келіссөз Golden Boy промоутерлерінің қатысуынсыз өткен. Мексикалық боксшы мен промоутері Оскар Де Ла Хоя арасы әлі жақсарған жоқ.

BOXINGSCENE.COM.

ТЕННИС

ЖЕРЛЕСІМІЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗ ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК 20 ТЕННИСШІНІҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ. ОСЫҒАН ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҮЗДІК ЖИЫРМАДА БОЛҒАН ЕМЕС.

Қазақстанның бірінші ракеткасы 20 жастағы Елена Рыбакина Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы WTA Premier турнирінің қорытындысы бойынша Әйелдер теннис қауымдастығының рейтингінде 19-орынға көтеріледі. Қазақстан үшін бұл тарихтағы ең жоғары жетістік. Осыған дейін Қазақстанның өкілдері үздік жиырмада болған емес. Айта кетейік,

ұзақ уақыт бойы WTA рейтингінде Қазақстанның рекорды 25-орын болды, оған 2012 жылғы 29 қазанда Ярослава Шведова көтерілген еді, ал 2020 жылғы 29 қаңтарда Рыбакина бұл жетістікті қайталады. Еске салайық, турнирдің жартылай финалында Рыбакина Грециядан келген Мария Саккаріді жеңді (3:6, 7:5, 6:1). Қазіргі уақытта ол әлемнің 25-ракеткасы, бірақ келесі рейтинг-

те алты сатыға көтеріліп, WTA-да Қазақстанның жаңа рекордын орнатады. Сонымен қатар, Рыбакина 2020 жылы WTA турнирінің финалына үш рет шықты, енді спорттық мансабындағы ұйымның үшінші атағын ұтып алуына мүмкіндік бар. St. Petersburg Ladies Trophy финалына қазақстандық спортшы Нидерланд елінің ракеткасы Кики Берте немесе ресейлік Екатерина Александроваға қарсылас болмақ.

VESTI.KZ.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ережесіз жекпе-жек әлемдегі ең белді ұйым – UFC-дің кезекті турнирлердің бірі биылғы жылдың жазда Қазақстанда өтуі мүмкін екені жайында біз бұған дейін де жазғанбыз.



UFC НҰР-СҰЛТАНДА ӨТЕДІ

Бұл әңгіменің ақиқатқа айналуы әбден мүмкін. Өйткені, қазіргі кездің өзінде бірқатар белді ұйымдардың ресми сайттары мен түрлі порталдар жоғарыдағы мәліметті жан-жаққа жария етуде. Мәселен, атақты Main Team таратқан мәліметке сенсек, айтулы жарыс 13 маусымда Нұр-Сұлтандағы зәулім спорт кешендерінің бірінде өтеді деп жоспарлануда. Тіптен, осы кеште өнер көрсететін алғашқы жұп та анықталып қойған көрінеді. Олар – ресейлік Хадис Ибрагимов (8-2) пен грузиялық Роман Дolidзе (6-0). Дағыстандық спортшы 10 рет

октагонға шығып, сегіз бәсекені өз пайдасына шешсе, Батумидің баһадүрі алты айқасының барлығын жеңіспен аяқтады.

Әрине, жарыстың шырайын арттыру үшін айқас алаңына Қазақстанның да өрендері көптеп шыққаны жөн. Қазіргі кезде үш бірдей спортшымыз – Шавқат Рахмонов, Жалғас Жұмағұлов және Мария Агапова UFC-мен келісімшарт жасасып үлгерді. Одан бөлек, Ресейде тұратын қандасымыз Дамир Исмағұлов бар.

EGEMEN.KZ.

175 БЕСІНШІ СӨЗ



Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ө, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзін көрдім. Онысы - жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғанысығаны. Қайғысы не десен, мақалдарынан танырсың: әуелі - «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдының беті - жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым - берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?

САУАЛНАМА

Гүл туралы мақал-мәтел, жыр жолдарын білесіз бе?

Айжан Нұрымханова, ұстаз:
Гүлдер, гүлдер, жұлуға мен қымаймын,
Досым, сонда саған нені сыйлаймын.
Өскен гүлдер өсе берсін жайқалып,
Гүл орнына адалдықты сыйлаймын», – деген халық әні бар.
Мақал-мәтел десеңіз оны да айтайын:
Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе жердің көркі.



Дала гүлімен қадірлі, Әйел ұлымен қадірлі.
Гүлсіз бұлбұл сайрамас. Гүлсіз жапырақ тұл,
Көксіз топырақ тұл.

БІЛГЕНЕ МАРЖАН

СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДІАЙМІЗ?



Жердің 70%-ы су болғанымен, 1%-ы ғана ішуге жарамды. Экологияның күрт өзгеруі, жаһандық жылыну, өзен-көлдердің ластануы таза су қорының азаюына алып келеді.

Денсаулығын ойлайтын адам таза суды ғана пайдаланғысы келеді. Күніне 8 стақан су ішу керек, себебі, су – көптеген жасушаның негізі. Су ағзадағы зат алмасу үдерісін қалпына келтіреді, жүрек-тамыр жүйесінің жұмысына көмектеседі, иммунитетті күшейтеді және ағзаны шаршау мен күйзелістен қорғайды. Ағзадағы су жетіспеушілігі терінің қартаюына алып келеді. Суды қажет мөлшерде қолдану – денсаулық пен әдеміліктің негізі.

БОЯМАСЫЗ

БІР ТАЛ ГҮЛ – БІР ТАҒДЫР...

Бірде гүл сатушы қыз қолындағы роза гүлдерін дерлік сатып болады. Қолында тек бір тал ғана гүл қалады. Гүл сатушы қыз ойланбастан жолдың қарсы бетінде күні бойы тілем тілеп отырған қайыршыға осы соңғы гүлді сыйлап, өз жөніне кете барады. Қайыршы өзі өз болғалы мұндай іске жолығып көрмепті. Ол үш ұйықтаса да армандағыдай ару қыздың өзіне гүл сыйлайтынын ойлап көрмепті. Бұл күні қайыршы үшін күн батыстан шыққандай болады. Қайыршы өмірінде бірде-бір рет өзін аялап, сүйіп көрмепті, басқалардың да аялауы мен сүюіне қол жеткіземін деп үміттенбесе керек, бүгінгі жағдай оған қатты әсер етеді.

Гүлді ала салысымен қала маңындағы өзінің лашығына тартады. Үйіне келген соң сынық құмыра тауып, оған су толтырып, гүлді оған салып қояды. Ол үн-түнсіз гүлге қарап отырады. Кенет орыннан атып тұрып, әлгі құмыраны жуып, тазалап, мөп-мөлдір су құйып гүлді қайта салады. Ол іштей: «Мұндай әдемі гүл қалайша кір-кір құмырада тұрады екен, мен оны жуып-тазалап қойдым» деп масаттанады.

Қайыршы әсем гүлге тағы құмарта қарап отырады. Ол ақырын қозғалып келіп, гүл құмырасы тұрған үстелді қолымен сипап қарап еді, шаң-тозаңнан көрінбей қалыпты. Әсем гүлдің тұруына бұл үстел лайық емес деп ойлаған ол үстелді де жуып, айнадай етіп қояды.

Гүлге құмарта қараған сайын таза үстел мен нартай қызыл раушан сағымы ойнап тұрған мөлдір құмыра мен суға мына былыққан лашық мүлдем сай келмейтін сияқты болып көрінді. Ол бар пейілімен өзінің жылдар бойы тұрып келе жатқан күресін жинастырып, сүртіп, тазалап әбігерге түсті. Кенет ол өзінің үнемі үңірейіп



тұратын бөлмесіне жылылық толып, жайлы өмірді өзіне тым жақын сезінді. Ол бөлменің дәл ортасында тұрып бұрыштағы сынық айнадан өзінің кейпін көрді. Қызыл шұғыла төгіп тұрғандай болып көрінген роза гүліне, таза үстелге, мұнтаздай үйде тұрып ол өзін мүлде қораш келбетте көрді. Шашы өскен, киімінің алба-жұлбасы шыққан. Ол бүгінгі бар тапқан-таянғанын алып жуынуға кетті. Өмірінде дәл бүгінгідей рахаттанып көрмеген шығар. Жұқа болса да таза киім сатып алды, сақал-мұртын қырды, шашын та-

рап ретке келтірді. Әлеуметтік моншаның есігінен шығып бара жатып қабырғадағы айнадан мүлде басқа адамды, жастық оты жалындаған келбетті жігітті көрді. «Мен не үшін қайыршы болып өмір сүруім керек?» деп сұрады өзінен. Бұл оның қайыршы болғаннан бері қарайғы өзіне тұңғыш рет осылайша сұрақ қоюы еді. Жігіттің рухы әп-сәтте сергіп шыға келді. Ол үйіне келіп мұндағы барлық дүниеге соншалықты риза пейілмен сүйсіне қарады. Екінші күннен бастап басқа жұмыс іздеуге кірісті. Жолы болғыш екен, жайлы жұмысты да тапты. Күндер зулап, айлар аунап жатты. Бірнеше жылдан кейін ол табысқа жеткен адамға айналды. Үлкен компания құрып, қалталылар қатарына қосылды.
Бұл оқиға мені адам жас күнінде өз ішкі әлеміндегі түнекке тұншығып, өмірінің көркем көкжиегін көруден мақұрым қалмауы керек деген ойға жетеледі. Пенде баласы өзіне тиеселі раушан гүлін тапқанша теңіздегі бағдарсыз малтыққан дәрменсіз суыға ұқсайтын сияқтанады.
Өзіңізге кішкентай өзгеріс жасаңыз, сіз өзгерсеңіз, сіздің өлеміңіз де өзгереді. Егер сіз осы раушан гүлін тапқан болсаңыз, оны басқаларға беруді де естен шығармаңыз.

Материал интернет желісінен алынды

СӨЗ ЖОҚ



Абылайхан көшесі.



Құрманов көшесінің бойы.

Суреттерді түсірген: А. НАЗЫМ.

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҮЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші
Алина ГАТУНОК — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші

Кезекші редактор: А. ГАТУНОК



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5025
Тапсырыс № 256

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ